



АССАМБЛЕЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

24 сәуір күні Астана қаласындағы Бейбітшілік және келісім сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қатысуымен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясының кеңейтілген пленарлық отырысы өтті. «Бірлік пен келісім жолындағы 30 жыл» тақырыбымен өткен жиынға 1 600-ден астам адам қатысты. Өзінің сөйлеген сөзінде Президент басқосудың мән-маңызына айрықша тоқталып, ұйымның ел дамуына қосқан үлесін, алда атқарылатын мақсат-міндеттерін ерекше атап өтті.

Сөз басында Мемлекет басшысы құрылғанына 30 жыл толған ҚХА-ның тарихына тоқталып, Ассамблеяның қоғамдағы тұрақтылық пен келісімді нығайтуға өлшеусіз үлес қосқанын, еліміздегі бірлік пен теңдіктің, тұрақтылық пен тыныштықтың символына айналғанын айтты. Ұйымның этносаралық қатынас саласындағы теңдессіз қоғамдық институт ретінде танылғанын жоғары бағалап, соның арқасында Қазақстанда бейбітшілік пен келісімнің қайталанбас үлгісі қалыптасқанын жеткізді.

«Елімізде соңғы жылдары атқарылған ауқымды өзгерістердің арқасында Ассамблея қызметі жасампаздықтың жаңа сипатына көтерілді. Сенаттың бес депутатын Ассамблея кеңесінің ұсынысымен Президент тағайындайды. Бұл қадам заңнамалық деңгейде барлық этностың мүддесін қорғау мүмкіндігін едәуір арттырды. Оған қоса, Қазақстан парламентаризмі тарихында алғаш рет «Бір ел – бір мүдде» атты палатааралық депутаттар тобы құрылды. Бұл топ қоғамдық келісімді нығайту мәселелерімен айналысады. Қазір мемлекеттік органдар түгел Ассамблея жұмысына атсалысады. Министрліктерден, облыс әкімдіктері мен барлық деңгейдегі мәслихаттардан бастап ауыл әкімдіктеріне дейін одан шет қалмайды.

Ассамблея қоғамдық ұйымдармен және институттармен тығыз байланыста жұмыс істеп, еліміздің ішкі саясатын жүзеге асыруға белсене атсалысып келеді. Осылайша, мемлекет пен қоғам арасында сындарлы әрі

жемісті сұхбат, яғни диалог орнатуға ықпал етуде. Қазақстан халқы Ассамблеясының 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында табысты еңбек етіп, елдік бастамаларға өз үлесін қосып жатыр», – деді Президент.

Оның айтуынша, ҚХА Хатшылығы Президент Әкімшілігінің дербес құрылымдық бөлімі саналады. Барлық өңірде Достық үйі бар. Онда мыннан астам этномәдени бірлестіктер орналасқан. Сондай-ақ облыс әкімдіктерінде «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемелері құрылған. Ассамблея құрылымында төрт мыннан астам қоғамдық ұйым жұмыс істейді. Бұл ұйымдардың мақсаты – бір, бұл – азаматтарымызды елдік маңызы бар жұмысқа тарту, яғни ортақ іске жұмылдыру. Мысалы, Ақсақалдар кеңесі мен Аналар кеңесі отбасы институтын нығайтуға, жалпыұлттық құндылықтарды дәріптеуге атсалысып, ауқымды жұмыс жүргізуде. «Ассамблея жастары» ұйымы мен оның құрамындағы Студенттік Ассамблея, Жас ғалымдар клубы, «Жаңа толқын» жобасы сияқты құрылымдар мындаған жастарымыз үшін нағыз бірлік пен ынтымақ, отаншылдық пен азаматтық жауапкершілік мектебіне айналды. Осы қозғалыстардың әрқайсысы елімізде жаңа қоғамдық этиканы орнықтырып, «Адал азамат» қағидатын насихаттауға елеулі үлес қосып жатыр.

«Этносаралық түсініспеушіліктердің алдын алуда маңызды рөл атқаратын ҚХА-ның этномедиация институтына тоқталғым келеді. Соңғы уақытта

Ассамблея қызметіндегі сарапшылық құрамның сапасы жаңа деңгейге көтерілді. Ғылыми-сарапшылар кеңесі мен 42 Ассамблея кафедрасы ұлт құрылымы мен этносаралық қарым-қатынастар үдерісін зерттейтін 360-тан астам сарапшыны біріктіріп отыр.

ҚХА мүшелері күн сайын көзге көрінбейтін, бірден нәтиже бермейтін, алайда ұзақмерзімді, стратегиялық тұрғыдан тиімді, ауқымды жұмыс жүргізеді. Өткен жылдың өзінде Ассамблея барлық өңірде 15 мыннан астам іс-шара ұйымдастырды. Оған 1 миллионға жуық адам қатысты.

Былтыр көктемгі су тасқыны кезінде азаматтарымыз зардап шеккен жандарға көмек қолын созып, ырысты ынтымақ пен бірліктің тамаша үлгісін көрсетті. Ассамблеяның «Жүректен жүрекке» жобасы аясында 12 мыннан астам ерікті ортақ іске жұмыла кірісті. Олар гуманитарлық көмек пен жылу жинады. Қираған үйлерді қалпына келтіруге атсалысты. Жалпы, ел бірлігін нығайту ісінің стратегиялық маңызы ерекше. Соның айқын дәлелі ретінде Ассамблеяның «Ел бірлігі» ордені атты жаңа мемлекеттік награда тағайындалды. «Бірлік» ұғымы қазіргі дүниежүзіндегі тұрақсыз жағдайда аса маңызды. Әлемде, әсіресе біздің айналамыздағы кейбір елдерде не болып жатқанына бәріміз куә болып отырмыз. Сондықтан шын мәнінде, «Бірлік бар жерде ғана тірлік бар». Бұл – ақиқат», – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

(Жалғасы 2-бетте)

UEFA MEN ҚАЗАҚСТАН АРАСЫНДАҒЫ БЕРІК БАЙЛАНЫС

Мемлекет басшысы UEFA президенті Александер Чеферинді қабылдады.



Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Еуропалық футбол қауымдастықтары одағының елімізге көрсетіп отырған қолдауына жоғары баға берді.

Президент бүгінде 1 миллионнан астам отандасымыз футболмен шұғылданатынын айтты. Бұл – спортпен айналысатын азаматтарымыздың 13 пайызы. Бұдан аталған спорт түрінің бұқаралық сипат алғанын көруге болады.

Мемлекет басшысы отандық футболдың нарық талаптарына сай орнықты бизнес моделін қалыптастырып, клуб менеджментін дамыту маңызды екеніне назар аударды. Осы ретте Қасым-Жомарт Тоқаев Ұйыммен білім беру және

тәжірибе алмасу бағдарламасын жүзеге асыру бағытындағы ықпалдастыққа қолдау білдірді. Бұл мамандар мен жас ойыншылардың кәсіби деңгейін арттыруды көздейді.

Александер Чеферин кездесуге мүмкіндік жасағаны үшін Президентке алғыс айтып, Қазақстанмен арадағы серіктестікті кеңейтуге дайын екенін жеткізді. Сондай-ақ UEFA мен Қазақстан футбол федерациясы арасында берік байланыс орнағанын атап өтті.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан спортының дамуына қосқан үлесі үшін Александер Чеферинді II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

ӨМІР. ӨНЕР. ӨНЕГЕ

Айтыста алмастың жүзіндей өткір сөзі айызыңды қандырып, домбырасының үні мен жыр айту мақамы еріксіз еліттіретін, аузынан шыққан әр шумақта түйдек-түйдек ой, халықтың мұңы мен даты жататын ақынның қашанда бәсі биік. Өрнекті сөз, өжет мінез, адуын айтысымен көрерменді 45 жыл сахнаға жіпсіз байлаған ақын Әсия БЕРКЕНОВА 75 жасқа толды.



АҚОРДА

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

АССАМБЛЕЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ ПЕН ТЫНЫШТЫҚТЫҢ СИМВОЛЫ

(Басы 1-бетте)

Президент өз сөзінде Ассамблеяның қоғамда кәсібилік және еңбекқорлық құндылықтарын дәріптеуге белсене атсалысып келе жатқанына тоқталды. Әр жылдары елімізде түрлі диалог алаңдары мен қоғамдық органдар құрылғанын, алайда бүгінгі мерейтойлық жиында Ассамблеяның қоғамды ортақ мақсатқа жұмылдыру мен ұлттық бірегейлікті бекіту ісінде баламасы жоқ басты платформаға айналғанын және алдағы уақытта да солай болып қала беретінін атап өтті. 2022 жылы қабылданған Ассамблеяны дамыту тұжырымдамасын жанаулап, 2026–2030 жылдарға арналған басымдықтарды айқындауға тапсырма берді. Сонымен қатар бірқатар маңызды міндеттерге қысқаша тоқталды.

«Біріншіден, Ассамблея аймақтардағы жұмысты жандандыруы керек. Былтыр еліміздің рухани және тарихи-мәдени ордасы – Түркістанда жаңа Достық үйі ашылды. Енді осындай Достық үйін халық тығыз қоныстанған Алматы облысында салу қажет. Түрлі этнос өкілдері тұратын Қордай, Ұйғыр, Сайрам, Панфилов және басқа да аудандарда Ассамблея ашу керек. «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейтіп, оны алдағы екі жылда бүкіл елге тарату қажет. Үкімет пен әкімдер Ассамблеяның басқа да жобаларын қоғамдық-саяси жұмыс жоспарларына қосып, нақты шаралар қабылдауы керек.

Екіншіден, ақпараттық кеңістікте бірлік пен келісім идеяларын кеңінен дәріптеу маңызды. Бұл – Ассамблеяның барлық құрылымына, әсіресе журналистер клубына қатысты кезек құттырмайтын міндет. Салалық министрлік, өңір әкімдері ҚХА журналистер клубының құрамына жетекші бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерін қосып, клуб жұмысының бірыңғай алгоритмін жасауы керек. Қазақстандағы этностардың тілінде шығатын, ең алдымен, өңірлердегі бұқаралық ақпарат құралдарына жүйелі түрде қолдау көрсеткен жөн.

Үшіншіден, «Бірлігіміз – әралуандықта» қағидатын жүзеге асыру үшін мәдениет пен өнердің әлеуетін толық пайдаланған дұрыс. Александр Пушкин, Тарас Шевченко, Федор Достоевский, Михаил Шолохов және басқа да тұлғалардың музейлері – Қазақстан мәдениетінің баға жетпес қазынасын толықтырып тұр. Бұл музейлерді көпшілікке таныту үшін экспозицияларын Астана мен Алматыда және басқа да қалаларда ұйымдастыру маңызды. Кейбір этномәдени бірлестіктер бірегей өнер және этнографиялық жеке коллекцияларды жинады. Бұл да еліміздің мәдени мұрасына айналуға тиіс. Қазақстанда 9 орыс драма театры табысты жұмыс істеп жатыр. Сондай-ақ ерекше төрт этнос театры, яғни ұйғыр, корей, өзбек және неміс театрлары көрерменнің көзайымы болып жүр. Ассамблеяның 30 жылдығы аясында Алматыда бөрінің басын қосып, Қазақстан этностары театр өнерінің фестивалін өткізсек болады. Халық көп келеді деп ойлаймын», – деді Мемлекет басшысы.



Өзінің сөйлеген сөзінде Қасым-Жомарт Кемелұлы соңғы жылдары еліміздің саяси-идеологиялық келбеті түбегейлі өзгергенін, экономикада жүйелі реформалар қолға алынғанын, ең бастысы, қоғамның сана-сезімі өзгере бастағанын атап өтті. Ескіліктің ізіне қайта түспеу үшін барлық жетістіктеріміз бен сәтсіздіктерімізді таразы басына қойып зерделеп, ҚХА қызметінің мәні мен мазмұнын қайта қарауға шақырды. Ассамблея мемлекеттің этносаралық саладағы барлық

болады. Әрине, елімізде азаматтар бір-бірін немесе мінберде сөйлеп тұрған адамды «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлеуге тиіс. Тіл мәселесін ту етіп қоғамда алауыздық туғызғысы келетін, ел ішіндегі жағдайды шиеленістіруге ұмтылатын әрбір әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады. Бұл ретте үй ішіндегі ғана емес, шетелде отырып әлдебір ұйымдардың ақшасы мен тапсырмасына деструктивті әрекетпен айналысатын арандатушылар туралы да айтып отырмыз.

кратияны біреудің қаржысымен орнатуға болмайды. Еліміздің әл-ауқаты, соның ішінде демократия мен сөз бостандығы үшін шетелде ешкімнің басы ауырып, балтыры сыздамайды. Оны нақты түсінген жөн», – деді ол.

Президенттің айтуынша, Қазақстан – тағдырдың жазуымен шетте туып, шетте өскен барша қазақтың тарихи Отаны. Шетелдегі қазақтардың басым көпшілігі ана тілі мен ата дәстүрін берік ұстанып келеді. Ел бірлігі – ең алдымен, күллі қазақтың бірлігі. Екіншіден, ел бірлігі – қасиетті қазақ жерін мекен еткен барша этностың бірлігі. Кезінде Қазақстанға миллиондаған адам жер аударылды. Халқымыз олардың ешқайсысын жат көрмей, бауырына басты. Сол бұрыннан тараған миллиондаған адам – қазір Қазақстанның толыққанды адал азаматтары. Олар мемлекетімізді дамытуға зор үлес қосып, ел игілігіне қызмет етіп жүр.

«Қазақ жұрты егемендігін алған соң қандастарымыздың елге қайтуына жол ашылды. Қазақстаннан да көптеген адам өзінің тарихи атамекеніне оралды. 4 миллионға жуық отандасымыз Германияға, Польшаға, Израильге және басқа елдерге көшті. Бірақ олардың көбі қазақ жұртының жақсылығы мен қамқорлығын ұмытпайды. Қазақстанның туын төріне іліп, елге деген сағынышын көрсетіп отырады. Қазақша сөйлеп, қазақша ән айтып, қазақтың салт-дәстүрін ұстанады. Жыл сайын Наурыз мейрамын атап өтеді. Барша Қазақстан азаматтары, шетелде тұрып жатқан барлық отандасымыз – бәрі де бір үлкен отбасы деуге болады. Отбасы құндылықтарын нығайту – тұрақты және үйлесімді қоғамның негізі, еліміздің жарқын болашағының кепілі. Жан-жақты дамыған тұлға да, жауапкершілігі зор азамат та, Отанға деген сүйіспеншілік те отбасында қалыптасады. Біз еліміздің әр шаңырағы, әр азаматы тойлайтын мерекеге құрметпен қарап, кенінен дәріптеуіміз керек. Міне, сондай нағыз халықтық мерекелердің бірі, бұл – Наурыз мейрамы. Биыл жаңа тұжырымдамаға сай біз



жұмысына бағыт беретін стратегиялық штабқа айналуға тиіс.

«Этносаралық қатынастар мен ұлттық бірліктің бүкіл құрылымы «Біз – әртүрліміз, бірақ бәріміз теңбіз» деген мызғымас қағидаға негізделген. Мемлекет азаматтардың ұлтына, діни нанымдарына немесе әлеуметтік мәртебесіне қарамай, бәріне бірдей әділ әрі тең жағдай жасайды. Бұл – мемлекеттік саясаттың басты ұстанымы. Біз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстаймыз. Әрқашан нақты жағдайға қарап, байыпты саясатты басшылыққа аламыз. Бұл, ең алдымен, мемлекеттік тілдің мәртебесін этносаралық қатынас тілі ретінде бекіту мәселесіне тікелей қатысты. Бүгінде түлектердің 80 пайызға жуығы Ұлттық бірыңғай тестілеуді мемлекеттік тілде тапсырады. Биыл алғаш рет мектепке баратын балалардың 70 пайыздан астамы қазақ тілінде оқитын

Күріш пен күрмекті, конструктивті сын мен дәлелсіз мін тағуды, көңілге тимейтін пародия мен жиіркенішті корлауды айыра білу маңызды. Заң алдында бәрі тең. Сол себепті біз еліміздегі этносаралық келісім мен бейбітшілікке нұқсан келтіретін кез келген арандатушы жолын кесіп келеміз, бұдан әрі де қатан тосқауыл қоямыз. Өздерін сөз еркіндігінің жақтаушысы ретінде көрсеткісі келетін кейбір құқық қорғау ұйымдарының өкілдері, блогерлер мен журналистер еліміздегі әр істен саяси, жағымсыз астар іздеп, шын мәнінде, арандатумен айналысып жүргенін айтпасақ болмайды. Бұл – Қазақстаннан көшіп кетіп, шетелде жүріп халқымызға шабуыл жасайтын, тіпті мемлекеттік органдарды бопсалайтын бұрынғы азаматтарымыздың әрекеті. Олар шет мемлекеттер берген ақшаны ақтауға жұмыс істеп жүр. Бүгінде мұны бәрі біледі. Демо-

Ұлыстың ұлы күнін ерекше атап өттік. Көктемгі көңіл күй мен мызғымас бірлік мерекесі еліміздің әр аймағында тойланды. Осылайша, біздің қоғамда жасампаз жаңа дәстүрлер қалыптасып, орнында», – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Өз сөзінде Мемлекет басшысы әлемдік маңызы бар тарихи оқиға Ұлы Жеңіске 80 жыл туралы да тоқталып өтті. Республикалық ономастикалық комиссияға елді мекендердегі 500-ден астам көшеге бұған дейін елеусіз қалған жергілікті қаһармандардың есімін беру туралы тапсырма бергені туралы, «Ұлы Жеңіс: ерлікке тағзым, ұрпаққа үлгі» арнайы жоспары туралы айтты. Дүниежүзі сенім дағдарысымен бетпе-бет келген шақта Қазақстан БҰҰ Жарғысын қатаң ұстануды, Ұйымды реформалауды дәйекті түрде ұсынып келе жатқанын жеткізді. Халықаралық қатынастардағы сенімсіздікті еңсеру үшін рухани дипломатиядан бөлек, ҚХА қызметімен ұштасып жатқан халықтық дипломатияның да мол әлеуетін пайдалану керек.

«Қазір бүкіл әлемнің болашағы бұлыңғыр болып тұр. Осы алмағайып заманда стратегиялық бағдарымызға сай әрекет ету – алдымызда тұрған аса маңызды міндет. Тағы бір мәселе. Қазіргі күрделі жағдайды жеке мүддесіне пайдаланғысы келетін түрлі популисттер мен саясаткерлермен бар. Ел мүддесіне қастық оялаған ондай адамдарға тұтас қоғам болып қарсы тұруымыз керек. Алда күрделі кезең келе жатыр. Онай болмайды. Бірақ аландауға еш негіз жоқ.

Мен көп жағдайда «Бұл қиындық та артта қалады» деп ашық айтамын. Сол сөзімді осы жерде тағы қайталағым келеді. Біз сын-қатердің бәрін еңсеріп келеміз. Бұл жолы да солай болады. Ең бастысы, барынша жинақы болып, нақты нәтижеге ұмтылуымыз керек. Кез келген ауқымды дағдарыстан кейін зор мүмкіндіктерге жол ашылады. Сол мүмкіндіктерді дер кезінде әрі дұрыс пайдалану қажет. Өз күшімізге ғана арқа сүйеп, барлық ресурсты ортақ мақсатқа жұмылдыруымыз керек. Бос сөзге ұрынып, байбаламға салынбай, жасампаз болғанымыз абзал. Әр азаматтың бойында жауапкершілік сезімі өте жоғары болуға тиіс. Қоғамда өзара тілеу-лестік болуы керек. Әр істе теңгерімді тәртіп болуы қажет. Сонда еліміз де орасан зор табысқа жетеді», – деді Президент.

Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы – егемендік тарихындағы айтулы оқиға. Бұл мерейтой әр азаматтың бақ-берекесін арттыру жолында ұлтымызды ұйыстыратын маңызды үлеске айналмақ. Жұртымыз үшін ең үлкен марапат – елдің тыныштығы. Бейсенбі күні өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XXXIV сессиясының кеңейтілген пленарлық отырысында мінбеге шығып сөз сөйлеген қай спикердің де мазмұнды тезисі осы болды. Жиын соңында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ҚХА қызметіне еңбегі сіңген бірқатар азаматтарды жоғары мемлекеттік наградалармен марапаттады.

БІРЛІК ПЕН КЕЛІСІМНІҢ 30 ЖЫЛЫ

Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан халқы Ассамблеясының жыл сайынғы сессиясы өтті. Бұл жиынның бұрынғылардан мәні мен маңызы зор. Себебі биыл Ассамблеяның құрылғанына мерейлі 30 жыл толып отыр. Мемлекет басшысы атап өткендей, осы уақыт ішінде Ассамблея бейбітшілік пен келісімнің және бірлік пен берекенің шынайы символына айналды. Сондай-ақ этносаралық татулықтың қазақстандық үлгісінің берік негізі ретінде қалыптасты.



Мәулен ӘШІМБАЕВ,
Парламент Сенатының Төрағасы

Жалпы, Ассамблея консультативтік құрылымнан конституциялық мәртебесі бар негізгі қоғамдық-саяси институттардың біріне дейінгі жолдан өтіп, өзінің өміршеңдігін дәлелдеді. Қазір Мемлекет басшысы Сенаттың бес депутатын ҚХА Кеңесінің ұсынысымен тағайындайды. Парламентте «Бір ел – бір мүдде» атты палатаралық депутаттар тобы құрылғанын да атап өткен жөн. Одан бөлек, Ассамблеяның 12 мүшесі Ұлттық құрылтай құрамында нәтижелі жұмыс істеп келеді. Мұның бәрі ҚХА-ның жоғары институционалдық мәртебесін айшықтай түседі және институттың қоғамдық келісім бағытындағы мемлекеттік саясатқа қосқан үлесін айқын көрсетеді.

Сессия барысында Мемлекет басшысы Ассамблея мүшелері атқарып келе жатқан күнделікті жұмыс қажырлы әрі жауапты еңбек болса да көбіне назардан тыс қалатынын, алайда оның стратегиялық маңызы зор екенін айтты. Өткен жылдың өзінде Ассамблея еліміздің барлық өңірінде миллионға жуық адам қатысқан 15 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырды.

Сондай-ақ Президентіміз ҚХА-ның кәсібилік және еңбеккерлік құндылықтарын дәріптеу бағытындағы миссиясына ерекше тоқталды. Сенат пен Мәслихат депутаттарының жұмысшы мамандық өкілдеріне құрмет көрсету аясындағы белсенді рөліне де баса мән берілді. Бұл бастама қоғамда үлкен қолдауға ие болғаны белгілі. Мемлекет басшысы айтқандай, осы игі істі алдағы уақытта жасампаз жұмыс пен еңбек адамдарына деген құрметтің жаңа дәстүріне айналдыруға мол мүмкіндік бар.

Президентіміз Ассамблея жай қоғамдық құрылым емес, мемлекеттіліктің маңызды тіректерінің бірі екенін баса айтты. Осыған байланысты ҚХА-ның 2030 жылға дейінгі даму тұжырымдамасын әзірлеу міндеті жүктелді. Жаңа құжатта қазақстандық қоғамды ортақ мұратқа жұмылдыруға, барлық этникалық топтың үйлесімді дамуын қамтамасыз етуге, олардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, сондай-ақ этносаралық салада мемлекет пен азаматтық сектордың өзара іс-қимылының тиімді жүйесін құруға арналған қағидаттар көрсетілуге тиіс.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы этносаралық саясатта қолданыстағы ұлттық және өңірлік бағдарламаларды кешенді талдау, өңірлерде ҚХА-ның рөлін күшейту және толеранттылық пен диалог мәдениетін қалыптастыруға арналған «Елдесу және татуласу» жобасының ауқымын кеңейту қажет екенін атап өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы этносаралық саясат стратегиясын қалыптастыратын және осы

аса маңызды саладағы барлық мемлекеттік және қоғамдық қызметке мазмұнды бағыт-бағдар әзірлейтін зияткерлік әрі ұйымдастырушылық штабқа айналуы керек.

Сессия кезінде теңдік пен әділеттіліктің негізгі қағидаттарына да ерекше назар аударылды. Мемлекет басшысы атап өткендей, Қазақстанда адамды ұлтына, тіліне, дініне қарай кемсіту ешқашан болған емес, болмайды да. Барша азаматтың құқықтары мен мүмкіндіктері тең. Бұл Әділетті Қазақстан тұжырымдамасының іс жүзіндегі жарқын көрінісі екені анық.

Сондай-ақ Президентіміз популистік асығыс шешімдерден бойымызды аулақ ұстау, әрдайым байыпты және жан-жақты зерделенген қадамдарды басшылыққа алып, нақты жағдайға назар аудару керек екенін айтты.

Тіл мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Елімізде азаматтар күнделікті өмірде бір-бірін «мына тілде сөйле» деп мәжбүрлеуге тиіс. Оған ешкімнің құқығы жоқ. Ал тіл арқылы қоғамда алауыздық туғызғысы келетін кез келген әрекетке тосқауыл қойылып, заң жүзінде жазаланады.

Мемлекет басшысы өз сөзінде Қазақстанның мәдениеттер мен діндердің жаһандық диалогін ілгерілетудегі рөліне де тоқталып өтті. Қазіргі шиеленіскен халықаралық қайшылықтар, өзара сенімнің азаюы және экстремистік пиғылдың артуы әлемнің дамуына кері әсерін тигізіп отыр. Осындай жағдайда халықтар арасындағы түсіністікті нығайтуды көздейтін жасампаз бастамалардың маңызы арта түседі.

Осы орайда Президентіміз Қазақстан 20 жылдан астам уақыттан бері түрлі дін өкілдерінің ашық диалог алаңы ретінде жаһан жұртына озық үлгі көрсетіп келе жатқанын айтты. Биыл күзде Астанада Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VIII съезі өтетіні белгілі. Бұл – дінаралық және мәдениетаралық диалог пен келісімді халықаралық деңгейде ілгерілетуге ықпал ететін аса маңызды халықаралық оқиға.

Мемлекет басшысы рухани дипломатияны дамыту мәселесі де айрықша маңызға ие екенін айтты. Мұндай қадам халықаралық қатынастарда сенімсіздікті еңсеруге және адамгершілік идеяларды ілгерілетуге жол ашады. Сондай-ақ адамзаттың игілігін көздейтін маңызды әрі дұрыс шешімдер қабылдауға ықпал етеді. Бұл ретте тікелей қарым-қатынас пен өзара іс-қимылға негізделген халықтық дипломатияның әлеуетін де белсенді пайдаланудың берері мол.

Сөзінің соңында Мемлекет басшысы этникалық әралуандылық – біздің ортақ игілігіміз және стратегиялық артықшылығымыз екеніне тағы да бір баса мән берді. Бірлік, сенім, құрмет және жауапкершілік – ішкі тұрақтылық пен келісімді нығайтатын, сондай-ақ Қазақстанды жүйелі дамытуға арналған саясат қалыптастыратын мызғымас қағидаттар. Осы басымдықтарды қоғамда берік орнықтыру жолында бәріміз жұдырықтай жұмылуымыз қажет.

Президентіміз Ассамблеяның 30 жылдық мерейтойымен құттықтай отырып, бірлік пен ынтымақ қана біздің сенімді түрде ілгері жылжыуымызға, елдік мүддені қорғауға және қуатты мемлекет құруға жол ашатынын айтты.

Сондықтан Қазақстан Парламентінің Сенаты Мемлекет басшысы жүктеген міндеттерді іске асыруға белсенді қатысады. Сондай-ақ сенаторлар елдегі қоғамдық келісімді нығайтуға, азаматтардың құқықтарын қорғауға және Әділетті әрі дамыған Қазақстан құруға қажетті заңнамалық база қалыптастыру жолындағы кешенді жұмысты жалғастыра береді.

ТҰТАСТЫҚ ПЕН ЫНТЫМАҚ – ТАБЫСТЫ БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

24 сәуір күні Қазақстан халқы Ассамблеясының тарихи сессиясы өтті. Іс-шарада Мемлекет басшысы Ассамблеяның 30 жылдық жолын қорытындылап, оның еліміздің табысты дамуындағы стратегиялық рөлін атап өтті.



Ерлан ҚОШАНОВ,
Парламент Мәжілісінің Төрағасы

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы «Біз әртүрліміз, бірақ теңбіз» қағидасын іс жүзінде жүзеге асырған халқымыздың халықаралық брендін бірегей қоғамдық келісім үлгісінің берік іргетасы болды. Президент Ассамблеяның қоғамды топтастырудағы және ұлттық бірегейлікті нығайтудағы рөлін толық ашып көрсете отырып, оны мемлекеттіміздің институционалдық тірегі, «бірлік пен теңдіктің, бейбітшілік пен келісімнің шынайы символы» деп атады. Бұл берілген бағамен барша қазақстандық келіседі деп ойлаймын.

Мемлекет басшысы тағы да қоғамымыздың басты қағидаттары мен құндылықтарын айқын атап өтті. Ең алдымен, бұл – ешкімді ұлтына, тіліне немесе дініне қарап кемсітуге жол бермеу. Әрбір этнос өз ана тілін, мәдениеті мен дәстүрлерін еркін дамытуға құқылы. Бұл – Әділетті Қазақстанның негізі. Елімізде баршаға тең мүмкіндік берілген, онда табысты болашақтың кепілі – әр азаматтың жауапкершілігі мен ортақ бірлігі.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Кемелұлы ел ішіндегі келісім мен тыныштықты бұзуға бағытталған арандатушылық әрекет пен жалған ақпарат тарату, конфессияаралық қатынастар мен тіл мәселесін саясиландыруға жол берілмейтіні жөнінде қатаң әрі берік ұстанымын білдірді. Президент еліміздегі тұрақтылықты шайқалтқысы келетін кез келген арандатушылық әрекет, соның ішінде шетелден басқарылатын деструктивті әрекеттер заң аясында қатаң түрде тоқтатылатынын нақты айтты. Заң алдында бәрі тең. Қоғамда тәртіп пен заң үстемдігі қағидаты барлық мемлекеттік орган тарапынан мүлтіксіз орындалатын болады. Бұл ұстаным Парламент депутаттары қабылдайтын заңдардың бәрінде айқын және нақты көрініс табады.

Қазақстан халқы Ассамблеясының жасампаз қызметінің арқасында қазақстандық ұлттың көпэтностылығы сын-қатер емес, мықты бәсекелік артықшылыққа айналды. ҚХА 130-дан астам этностың мәдениеті, тілі, дәстүрі мен руханиятын сақтай отырып,

оларды біртұтас, прогрессивті қоғамға біріктіре алды. Осындай мультимәдениетті әртүрлілік бүкіл қазақстандықтардың рухани байлығын арттырып, оларды татулықта, төзімділік пен достықта өмір сүруге үйретті. Президент айтқандай, бұл – жай ғана ұран емес, бұл – ел азаматтарының күнделікті өмір салтының мәні.

Мемлекет басшысы бұл саясаттың өмірде қалай іске асырылып жатқанын көрсететін бірқатар қарапайым мысал келтірді. Бұл – ұлттық театрлар, мұражайлар, БАҚ пен мәдени ұйымдардың жұмысы. Ел тұрғындарының Наурыз, Масленица, Сабантой сияқты мерекелерді бірге атап өтуі. Қазақстандықтардың түрлі саладағы – еңбек пен қоғамдық өмірдегі үлкен жетістіктері олардың ұлтына немесе діни сеніміне қарамастан жүзеге асуда. Сондай-ақ жастардың, еріктілердің, медиация құрылымдарының белсенді қызметі де атап өтілді. Мұның барлығы бірігіп, еліміздің ынтымағы мен тұтастығын қамтамасыз ететін тиімді жүйені қалыптастырып отыр.

Мемлекет басшысы еліміздегі түрлі этностың дәстүрі, тілі мен әдет-ғұрыптарына деген шынайы құрмет пен Қазақстанның халықаралық аренадағы, әсіресе көрші мемлекеттермен қарым-қатынасындағы ұстанымдары арасында ұқсастық бар екенін атап өтті. Қазіргі геосаяси жағдайларды ескере отырып, Президенттің баяндамасы мен Қазақстанның этносаралық келісім тәжірибесі шетелдік сарапшылар мен элита үшін бұрынғыдан да зор қызығушылық тудыратыны анық деп ойлаймын.

Президент өз сөзінде Ассамблеяны одан әрі дамыту бойынша бірқатар міндет қойды. Бұл – Достық үйлерінің жұмысын күшейту, оларды азаматтар мен шетелдік қонақтарға танымал туристік бағыттар қатарына енгізу. Мәдени жұмысты жандандыру және театр өнерінің фестивалін өткізу. Ассамблея мүшелерінің «Таза Қазақстан» акциясына қатысуын кеңейту және Жұмысшы мамандықтары жылына арналған іс-шараларды жүзеге асыру. Мұның бәрі – қарапайым және баршаға түсінікті басымдықтар. ҚХА қоғамның дамуына үлес қосатын белсенді құрылым екенін тағы бір мәрте көрсетті.

Мемлекет басшысы «Бір ел – Бір мүдде» депутаттық тобының жұмысын да жоғары бағалады. Оның құрамына алты фракциядан 20 Мәжіліс депутаты кіреді. Олар Үкіметпен бірлесе отырып, заң шығару жұмыстары арқылы ұлтаралық келісімді қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік саясатты жүзеге асырады.

Президент айтқандай, бейбітшілік пен тұрақтылық – ынтымақ пен дәйекті еңбектің жемісі. Енді көпұлтты ортақ шаңырағымызда келісім мен тәртіпті сақтау үшін мемлекет пен азаматтардың күш-жігерін біріктіруді жалғастыру маңызды. Бұл бағытта депутаттар еліміздің әлауқатын шынымен ойлайтын және оның дамуына нақты үлес қосуға ниетті барлық адаммен бірлесе жұмыс істеуге әзір.

26 СӘУІР 2025 | СЕНАТ



СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ КӨҢІЛ АЙТУ КІТАБЫНА ЖАЗБА ҚАЛДЫРДЫ

Қазақстан Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен Қасиетті Тақтың Қазақстан Республикасындағы Апостолдық нунциатурасына барды. Онда палата Спикері Рим Папасы Францисктің қайтыс болуына байланысты Апостолдық нунци Джордж Панамтундильге және барлық католиктерге көңіл айтты.

Мәулен Әшімбаев көңіл айту кітабына жазба қалдырып, Понтификтің әділеттік пен мейірімділік қағидаттарын дәріптеуге және діндер мен мәдениеттер арасындағы диалогті дамытуға үлкен үлес қосқанын атап өтті. Сондай-ақ Сенат Спикері Рим Папасы Францисктің 2022 жылы Астанаға жасаған апостолдық сапары және Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының VII съезіне қатысуы тарихи оқиғаға айналғанына назар аударды.

Палата Төрағасы нунцимен сұхбат барысында Понтифик Қазақстанды «әралуандықта бір-бірін тыңдап, құрметтейтін кез-

десулер елі» деп атағанын тілге тиек етіп, оның біздің ел туралы айтқан сөздерін қазақстандықтар әрдайым ерекше ықыласпен еске алатынын жеткізді.

Айта кетейік, бұған дейін Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Рим Папасы Францисктің қайтыс болуына байланысты көңіл айтты. Мемлекет басшысы Понтификті гуманизмнің, әділеттіліктің және мейірімнің ізгі мұраттарын ілгерілетуге өлшеусіз үлес қосқан аса көрнекті рухани тұлға және бейбітшіліктің ұлы жақтаушысы екенін айтқан еді.



МӘМС ТУРАЛЫ ЗАҢ ЖОБАСЫН ҚАРАЙДЫ

Мәжіліс спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен Бюро отырысы өтіп, алдағы жалпы отырыстың күн тәртібі нақтыланды.

Алдағы жалпы отырыста депутаттарға міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын бірінші оқылымда қарау ұсынылады.

Заң жобасын Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты халыққа Жолдауын іске асыру мақсатымен Үкімет әзірледі. Ұсынылып отырған түзетулер медициналық көмектің бірыңғай пакетін қалыптастыруға бағытталған. Бұл тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі аясында көрсетілетін

медициналық қызмет түрлерін айқындау арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен қатар депутаттар жана Салық кодексі жобасы мен оған салық салу мәселелері бойынша құрылыс және тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу саласындағы ілеспе түзетулерді, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі заңнамалық жаңалықтарды екінші оқылымда талқылайды. Сондай-ақ осыған байланысты Салық кодексі мен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекске енгізілетін өзгерістерді қарайды.

Жалпы отырысқа бірқатар халықаралық құжатты ратификациялауға қатысты заң жобалары да енгізіледі.

ӨРКЕНИЕТИМІЗДІҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТКЕН ТҰЛҒА



Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде ақын, ғалым Оңайгүл Тұржанның 70 жас мерейтойына арналған «Қазақстандағы PR мен жарнама мәселесінің өзекті қырлары және даму үрдістері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті.

Конференция барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қариннің құттықтауын Президенттің кеңесшісі, ҰҒА академигі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Бауыржан Омаров, Парламент Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың құттықтауын Сенат Төрағасының кеңесшісі Жасұланбек Майлыбаев, Қазақстандағы ғылыми қауымдастықтың құттықтауын Еуразия ұлттық университетінің ректоры, академик Ерлан Сыдықов жеткізді. Сондай-ақ Маңғыстау облысының әкімі Нұрәулет Қилыбайдың құттықтауы мен естелік сыйлықтары табысталды.

Өз кезегінде, Парламент Мәжілісінің Спикері, «AMANAT» партиясының Төрағасы Ерлан Қошановтың құттықтауын партияның Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек оқып берді. Сондай-ақ ол мерейтой иесінің өнер және ғылым жолындағы дара қолтаңбасына тоқталды.

«Оңайгүл Ізтұрғанқызы — төл өркениетіміздің өрісін кеңейтуге өлшеусіз үлес қосқан тұлға. Ол кісінің «Теніздер де шөлдейді», «Ағаштар үнсіз өседі» сияқты жинақтарын жастанып оқымаған жырсуіер қауым аз шығар. Ақын шығармаларын кезінде руханиятымыздың абызы, абыз Әбіш көкеміз, жыр падишасы Фариза Оңғарсынова

апамыз биік бағалағанын айтпай кетуге болмас. Ол ұлттық ғылымда да өз қолтаңбасын қалдыра алды. Ғыратты ғалым ретінде Махамбет батырдың мұрасын жаңғыртты, ұлағатты ұстаз ретінде қаншама шәкірт тәрбиеледі. Сол арқылы ұлтқа қызмет етудің озық үлгісін көрсетті», — деп қосты «AMANAT» партиясының Атқарушы хатшысы Дәулет Кәрібек.

Сонымен қатар конференция жұмысы барысында Ресей, Түркия және отандық жоғары оқу орындарының өкілдері баяндама жасады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Айгүл Исмакова, публицист-жазушы Шархан Қазығұл, филология ғылымдарының кандидаты Нағбду Қамарова, PhD ғылым докторы Алма Сайлауқызы және шетелдік ғалымдар Клеопатра Филипова де Хорхе (Испания) Ашур Өздемир (Түркия) мерейтой иесінің мерейін асырды.

Бұған қоса, конференцияға қатысушылар назарына Оңайгүл Тұржанның өмірі мен шығармашылығына арналған деректі фильм ұсынылды. Сонымен қатар «Серікбол Қондыбайдың арғы қазақ мифологиясын зерттеуде қолданған методологиясы мен логикалық тұрғыдан жобалау ерекшеліктері» атты кітабының тұсауы кесілді. Ғылыми кеңестің шешімімен Оңайгүл Тұржан ғылымды дамытуға қосқан үлесі үшін Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ең жоғары наградасы «Күлтегін» медалімен марапатталды.

Елнар ЕЛТАЙ

АСТАНАДА ӘКІМ ТАРАЗИМЕН ҚОШТАСУ РӘСІМІ ӨТТІ

Астана орталық мешітінде қазақтың көрнекті қайраткері, жазушы Әкім Таразидің қайтыс болуына байланысты Әкім Таразидің дүниеден өтуіне байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

«Аса көрнекті жазушы, драматург, Еңбек Ері Әкім Таразидің дүниеден өтуіне байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, көңіл айтамын.

Әкім Тарази бүкіл саналы ғұмырын сөз өнеріне арнаған, төл әдебиетіміз бен мәдениетімізді төрге оздырған ұлттың біртуар перзенті еді. Дарынды қаламгер қазақ прозасының көкжиегін кеңейтті, ұлттық кино және драматургия саласына өлшеусіз үлес қосты.

Асыл мұратынан ешқашан айнымаған қалам иесін көзі қаракты оқырман «Әдебиет әлемінің Әкімі» деп ардақ тұтты, зиялы қауым оның шығармашылығымен қатар адамгершілік қасиеттерін ерекше бағалады.

Өнегелі өмір сүріп, соңына мол мұра қалдырған Әкім Таразидің жарқын бей-несі халқымыздың жүрегінде мәңгі сақталады», — делінген Президенттің көңіл айтуында.

Мәжіліс Спикері Мемлекет басшысы Әкім Тарази шығармашылығына әрқашан ерекше құрметпен қарайтынын атап өтті. Осыдан бірер жыл бұрын елі алдындағы еңбегі үшін жазушыға «Еңбек ері» атағы берілген еді.

Ерлан Қошанов Әкім Таразидің артында қалған мол мұрасы ұрпақтан-ұрпаққа рухани азық боларын айтты.

Қоштасу рәсіміне жазушының туған-туыстары мен жақындары, Қазақстан Жазушылар одағының басшылығы мен мүшелері, мемлекеттік органдардың өкілдері, еліміздің шығармашыл зиялы қауымы қатысты.

БАҒДАР

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

ЖАС ОҚЫРМАН ҚАУЫММЕН КЕЗДЕСТІ

Ұлттық кітап күні аясында Қарағанды қаласына арнайы сапармен келген Парламент Мәжілісінің депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі, белгілі айтыскер Ринат Зайыт Бөкетов зерттеу университетінің заманауи кітапханасында студенттермен кездесті.

А **Әдебиет**
БЕЛГІБАЙҰЛЫ,
Қарағанды облысы

Соңғы кезде кітап оқу әдемі бір үрдіске айналды. Жастардың көңілі пайдалы әдебиеттерге ауып, рухани байыды. Кездесу барысында осы секілді ойлар айтылып, студенттердің көкейінде жүрген сұрақтарға жауап берілді.

— Мемлекет басшысы Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Озық ойлы ұлт болудың ең төте жолы — кітап оқу» деген болатын. Себебі жақсы кітап — өмірлік азық. Ұлттық кітап күні және «Кітап-АМАНАТ» жобасы аясында Қарағанды облысының бірнеше кітапханасына жолымыз түсті. Алдымен осы университетке бет бұрдық. Әлеуметтік желіде барлығы жеңілдеп, минимализммен өмір сүріп жатқанда кітап оқу дәстүрі үзіліп қалмас үшін әрбір адам өзі оқыған көркем дүниелерімен бөлісіп, қоғам арасында тал-

кылануға тиіс деп ойлаймын, — деді Ринат Зайыт.

Мәжіліс депутаты студенттерге Саттар Ерубайұлының «Менің құрдастарым» романын оқуға ұсынуының себебін түсіндірді.

— Ең алдымен, романдағы оқиға желісі Қарағанды өлкесінде өрбіген. Екіншіден, ол жердегі кейіпкерлер де сіздер сияқты бір дәуірден бір дәуірге ауысқан ұрпақ. Көркем шығармада көрсетілген мәселенің барлығы әлі де өзгермеген, әлі де баршылық, — деді Ринат Зайыт.

«АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков кітап оқудың маңызына тоқталып, елдің болашағы білімді ұрпақтың қолында екенін айтты.

Кездесу соңында Қарағандыдағы Бөкетов университетінің дәстүрлі жобасы Кітап — Қазуна жеңімпаздары марапатталды. Жұлделерді қадірлі қонақтар салтанатты түрде табыстады. Бас жұлде — «Бес арысқа» (Филология

факультеті) бұйырса, I орынды Ақиқат (Шетел тілдер факультеті) иеленді. II орын «Қыр қызғалдақтары» (Филология факультеті), III орын — «Уақыт сақшыларының» (Тарих факультеті) еншісіне бұйырды.

Университеттің әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректоры Нұржан Жетпісбаев кітап сыйлау дәстүрімен қонақтарға Ебіней Бөкетовтің 100 жылдығына орай ғалым жайлы кітап тарту етті.

Ринат Зайыт Бөкетов зерттеу университетінің заманауи кітапханасында студенттермен кездескеннен кейін Абай ауданына қарасты Құрма ауылындағы мектепке барды. Делегацияны Абай ауданы білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Марина Стрельникова, Құрма ауылында орналасқан Ыбырай Алтынсарин атындағы тірек мектебінің директоры Құралай Амралина қарсы алып, мектеп өмірімен таныстырды. Айта кету керек, бұл мек-



тепте 142 оқушы қазақша дәріс алса, 80 бала орыс тілінде оқиды. Заманауи мектепте 28 жалпы білім беру кабинеті, 1 STEAM кабинеті, 5 зертхана, 2 шеберхана, 1 робототехника кабинеті, 1 Intellectum кабинеті бар.

«АМАНАТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков оқушыларды кітап оқуға шақырды, сондай-ақ Ұлттық кітап күнімен құттықтады.

— Мен электронды кітапқа үйренбегенмін. Ол көзге ыңғайсыз, яғни жанарды құртады. Ал қағазға басылған кітап — бір әлем. Рақаттанып оқисыз. Балалармен кездесудегі негізгі мақсат — осы жастан бастап қандай кітап оқу керек, соны нұсқап, бағыт-бағдар

беру болатын. Әр кітаптың өз философиясы бар. Оқырманға айтар ойы бар. Біз тек Оралхан Бөкейдің «Атау кересін», яғни бұл шығармада оқырманға не айтқысы келгенін талқыладық. Сонымен қатар балалардың дүниетанымын қалыптастыру мақсатында бірнеше кітапты сыйға алып келдік, — деді ол.

Арнайы келген қонақтар Астрид Линдгрениннің «Біз бәріміз бір ауылданбыз», Лияс Жансүгіровтің «Сағанак», Бейімбет Майлиннің «Қанды тұман», Мұхтар Шахановтың «Танакөз», Несіпбек Айтұлының «Дариға-дәурен» және де басқа кітаптарды «жас оқырман қолында тозсын» деген ниетпен мектеп кітапханашысы Алтын Жұмабекке табыстады.

ЖОЛ ҚҰРЫЛЫСЫН ПАРТИЯЛЫҚ БЕКЕТТЕР БАҚЫЛАЙДЫ



Атыраудағы жол сапасын Парламент депутаттары бақылауда ұстап отыр. «Құлсары – Доссор» және «Атырау – Астрахань» бағыттарындағы жолдың сапасына облыс тұрғындарынан шағымның көбеюіне байланысты Атырауға Парламент Мәжілісінің депутаты Ерлан Саиров бастаған арнайы топ келді.

А **Баян ЖАНҰЗАҚ,**
Атырау облысы

Олар «АМАНАТ» партиясы жанындағы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы республикалық кеңестің көшпелі отырысын өткізіп, кеңес мүшелері жол құрылысы жүріп жатқан учаскелерді аралап, мердігерлердің уәждерін тыңдап, жұмыстардың сапасы мен мерзімдерінің сақталуын қатаң бақылауға алуды талап етті.

«Атырау өңіріндегі маньзыды, өзекті сұрақтардың бірі — жол мәселесі. Бұл жиында «Қазавтожол» АҚ-ның жағдайына мониторинг жүргізу шеңберінде, сондай-ақ Атырау облысының тұрғындарынан «Доссор — Құлсары — Ақтау» республикалық автожолын орташа жөндеуге және «Атырау — Астрахань» автожолын қайта жаңартудың ағымдағы жағдайына қатысты түскен шағымдарды қарап, соның шешу жолдарын талқылау үшін жиналып отырмыз.

Естеріңізде болса, осыдан екі ай бұрын, яғни 14 ақпан күні біз Кеңес отырысында «ҚазАвтоЖол» АҚ-ның сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы есебін тыңдап, сол жиында осы салаға қатысты өзекті мәселелерді көтерген болатынбыз. Өзекті мәселелердің бірі — осы Атырау облысының республикалық және облыстық маңызы бар жолдары. Қалай десек те, өңірдегі жол мәселесі — ең өзекті тақырыптардың бірі. Адамдар жолдардың сапасына, жөндеу жұмыстарының қарқыны мен нәтижесіне шағымданып отыр. Біз осы жағдайды көзбен көру үшін келдік. Бұл — республикалық деңгейдегі проблемаға айналды, — деді Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров.

«ҚазАвтоЖол» АҚ қызметіне мониторинг жүргізу, сондай-ақ тұрғындардың «Доссор — Құлсары — Ақтау» республикалық трассасының орташа жөндеу жұмыстары мен Атырау — Астрахань бағыты бойынша жүріп жатқан реконструкция жайлы шағымдарын қарастыру мақсатында ұйымдастырылған кеңес отырысында жол жөндеу жұмыстарының уақытылы аяқталмауы, мердігерлер тап болып отырған проблемалар да белгілі болды.

— Партияға деген сенім деңгейі халықтың көкейінде жүрген мәселелердің қаншалықты тиімді шешілетініне байланысты. Біз халыққа берген уәделерімізді орындауға міндеттіміз. Сонымен қатар жөндеу жұмыстары тұрғындарға

зиян келтірмеуге тиіс, әсіресе қалтасына салмақ салмауы қажет. Егер адамдар осындай жолдармен жүретін болса, олар тек дөңгелектерін емес, бүкіл көліктерін ауыстыруға мәжбүр болады, — деп атап өтті депутат Ерлан Саиров.

«ҚазАвтоЖол» АҚ аймақтық филиалының директоры Серік Керімқұловтың айтуынша, «Атырау — Астрахань» жолындағы жұмыстар толығымен жыл аяғына дейін аяқталады. «Былтыр тасқын су келді. Су әлі күнге дейін толық кетпеді. Сол себепті айналма жолдардағы жұмыстар тұрып қалды. Асфальт төсеуді бітірдік. Қазір қосымша бекіту жұмыстары жүргізілуде. Бұған дейін «Атырау — Астрахань» жолы 100 пайыз аяқталды деп айтқанымыз, тіке жолға асфальттың салынып, аяқталғаны. Айналма жолдар бойынша әлі жұмыстар бар. Аққыстау — Тұшықұдық жолының 17 шақырымында жұмыстар жыл аяғына дейін аяқталады деп күтілуде. Аққыстаудың ішіндегі жол төрт жолақты болып өзгертілді. Жалпы, «Атырау — Астрахань» жолы бойынша қосымша бекіту жұмыстары биыл толықтай аяқталады» деді спикер.

Республикалық кеңестің төрағасы Ерлан Саиров бастаған топ жөндеу жүріп жатқан «Доссор — Құлсары» тасжолына да арнайы барды.

«ҚазАвтоЖол» АҚ төрағасының орынбасары Дархан Сақанов, өңірлік «ҚазАвтоЖол» АҚ-ның филиалының директоры Серік Керімқұлов және Атырау облысы әкімінің орынбасары Қайрат Нұртаев аймақтағы республикалық маңыздағы күре жолдардың жол жөндеу жұмыстары барысымен таныстырып, ел көлемінде мәселесі талқыланып жатқан Доссор — Құлсары тасжолының қырылып, ашық қалған 8,5 шақырымын

биыл 1 маусымға дейін аяқтауға уәде берді. Жалпы, аталған жол жабындысын жаңарту жұмыстары тамыз айына дейін аяқталады деп күтілуде.

Аталған учасқоның жол жөндеу жұмыстарына жауапты «Бірлікжолстрой» ЖШС басшысы Қанышбек Шахарбаевтың айтуынша, біріншіден, Ақтөбе облысынан келетін қиыршықтастың жеткізілуінің кідіруі, екіншіден, битум тапшылығы, үшіншіден, ауа райы қолайсыздығы жұмыстарды жоспарлы уақытында аяқтауға кедергі болған.

— Мердігерлер маусым айына дейін жасалған қателіктің бәрін жойып, тамызда толық жол жөндеу жұмыстарын аяқтайды. Әрине, жолды жөндеу қажет, бірақ халыққа қолайсыздық туындатпау керек. Өйткені өздеріңізге белгілі, көліктің дөңгелегі, арнайы құрылғылары бұзылатын болса, бұл халықтың қалтасына тиеді. Қандай жұмыс атқарса та, ең бастысы халықтың тыныштығын сақтауды және халыққа материалдық тұрғыда зиян келтірмеуді басты назарда ұстауымыз тиіс.

Енді осы жол жөндеу жұмыстарының сапасын бақылауға «АМАНАТ» партиясының бақылау бекеттері құрылатын болады. Атырау облыстық, Мақат аудандық мәслихатының депутаттары өздерінің тікелей бақылауына алады, — деді депутат Ерлан Саиров.

Еске сала кетелік, қазір республикалық маңыздағы «Атырау — РФ шекарасы (Астрахань бағыты)» автомобиль жолының жалпы ұзындығы 132 шақырым болатын учаскесінде реконструкциялау жұмыстары жүргізілуде. Жоба Еуропалық қайта құру және даму банкінің қарызы есебінен мемлекеттік кепілдікпен қаржыландырылуда.

МӘЖІЛІС МІНБЕРІ

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



Қайрат БАЛАБИЕВ,
Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі:

ЖҮЙЕЛІ ДАМУ – ЖОСПАРЛЫ ЖҰМЫСТЫҢ НӘТИЖЕСІ

Цифрлы даму – уақыт талабы. Бүгінде әлем елдері технологиялық прогреске бейімделіп, цифрлық экономиканы жаңа белеске көтеріп жатыр. Қазақстан да бұл үдерістен тыс қалған жоқ. Алайда цифрландыру тек жаңа мүмкіндіктер ғана емес, сонымен қатар күрделі сынақтар мен тың міндеттер жүктейді. Еліміздің түрлі салаларында цифрлық трансформация қалай жүріп жатыр? Жасанды интеллект, ақылды қалалар, АЭС, қаржы технологиялары – бұлардың бәрі ел болашағына қалай әсер етеді? Осы және өзге де өзекті мәселелер төңірегінде Мәжіліс депутаты, «АМАНАТ» партиясы фракциясының мүшесі Қайрат Балабиевпен сұхбаттасқан едік.

– Қайрат Рахымұлы, бүгінде цифрландыру үрдісі мен жасанды интеллект әлемдік трендке айналып үлгерді. Осы тұрғыдан алғанда, цифрлық технологиялар ел экономикасының жаңғыруына қаншалықты серпін беріп отыр деп ойлайсыз?

– Цифрландыру жүйесі жалпы жұмысты жеңілдету үшін керек. Денсаулық сақтау саласында бұл адам денсаулығын қашықтықтан бақылауға, диагноз қоюды жылдамдатуға, дәрігерлік қателікке жол бермеуге, емдік препарат түрлерін тездетіп әзірлеуге мүмкіндік береді. Жалпы медицина мен фармацевтика, медициналық құрал-жабдықтар шығаруда жиі қаналық ашатын мемлекеттерде цифрландыру жүйесін күнделікті өмірінің ажырамас бөлігіне айналдырып алған. Тура сол сияқты білім беру ісінде цифрландыру технологиясы жетістікке жеткізеді. Әлемде келешекте онлайн оқуға басымдық беріліп, үйден шықпай-ақ білім алуға болатын жағдайлар жасауда. Оқушылар ауыр сөмке арқаламай, ата-аналар кітап, дәптер сатып алмай, мұғалімдер журнал тасымай, тек бір планшет арқылы сабақ орындайтын, балалардың білімін бағалайтын болады. Елімізде электронды оқулыққа он жыл бұрын қажетті қаражаты бөлініп, жүзеге асыру жоспарланған еді. Алайда қазір керек емес пәндер мен оқулықтар қатары бұрынғыдан да көбейіп кеткен. Білім беру ісі монополистердің мүддесіне жұмыс істемей, балалардың болашағы мен мүмкіндігін ойлау керек.

Қаржы нарығын цифрландыру – қолма-қол ақшамен есеп айырысуды тоқтатып, аударым технологиясын енгізу мен блокчейн. Бұл азаматтарға криптовалютаны игеруге, түрлі қаржылық операцияларды атқаруға әрі қорғауға, ал мемлекеттік органдарға бизнес пен халықтың ақша айналымын онлайн бақылауға мүмкіндік береді. Қазір онлайн-сауда, қашықтықтан жұмыс істеу әрі табыс табу, мобильді банкінг пайдаланушылар көбейіп келеді. Бұл да сол қаржылық цифрландырудың бір бөлігі.

Ғылымды цифрландыру – саладағы жаңалықтарды анықтау мен есептеулерді тездетіп іске

асыруға, дүниенің түкпір-түкпіріндегі ғалымдармен автоматты режимде тәжірибе алмасуға жол ашады. Ірі мәлімет орталықтарын салуға инвестиция тарту үшін түрлі жеңілдіктер мен қолайлы жағдай жасалмақ. Мәліметтерді сақтау және өңдеу саласында ел мүддесін ілгерілету бір міндет болып тұр. Цифрландыру қағидаттарға заңмен бекіту үшін Мемлекет басшысы Үкімет, сарапшылар, депутаттарға салалық құжат әзірлеуді ұсынған еді. Осы уақытқа дейін Президенттің тікелей араласуымен БАӘ және АҚШ компанияларымен ынтымақтастық орнатылған. Биыл Астанада Smart city жобасы енгізілетіні жайында ақжолтай жаңалық естідік. Ғылымды дамыту мен қолданбалы зерттеулер жүргізу үшін қабылданып жатқан шаралар еліміздің бәсекеге қабілетін арттырады.

– Бұл технологияларды жүзеге асыру үшін еліміздің энергетикалық қауіпсіздігі аса маңызды екенін білесіз. Дегенмен Қазақстанда АЭС салу бастамасына байланысты қоғамда түрлі пікірлер айтылып жүр. Сіздің ойыңызша, бұл шешім ел болашағы үшін қаншалықты қажет?

– Алдағы төрт жылда 800-дей инвестициялық жобалар іске қосылып, мемлекеттің жаңа индустриялық қалыбы жасалып, көлік-транзит әлеуеті күшейтілмекші. Бұл деген сөз – қай сала дамыса да электр энергиясына сұраныс арта түседі. Мысалы, өндіріс пен өнеркәсіпті былай қойғанда, көлік, транзит, логистика жүретін жолдың бәрін жарықтандыру керек болады. Сарапшылар онсыз да 6 жылдан кейін энергия тапшылығының туындайтынын айтып дабыл қағуда. Қазір тарифтің қымбаттығына шағымданып жатқан жұрт жетерлік. Егер электр қуатын өндіру әлеуетін арттыратын болсақ, біріншіден, энергетикалық тәуелділіктен арылып, екіншіден, тарифтің арзандауына қол жеткізіп, үшіншіден, энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін едік. Ол үшін бізге Ұлттық құрылтайда Президент атап өткендей, бір емес, бірнеше АЭС керек.

Атом энергетикасының бүгінгі таңда маңыздылығы күннен-күнге

айқындалып келеді. Өйткені АЭС атмосфераға аэрозоль қалдықтары мен парниктік газдың бөлінбей-тінімен ерекшеленеді. Меніңше, облыстарды географиялық орнына қарай үш аумаққа бөліп, үш АЭС салу керек. Бірақ сол аймақтардың сұранысын нақты есептеп, бөріне бірдей жететіндей қуатпен электр энергиясын өндіретін АЭС-пен оған керекті су қоймасын немесе жасанды көлдер салу керек. Мысалы, ең көп энерго блок АҚШ-та орналасқан. Олардың саны шамамен 100-ге жуықтайды, ал Францияда – 58. Әлемнің 31 елінде 440 реактор 370 ГВт энергия өндіріп жатыр. Оларда тіпті АЭС қалашықтары бар. Экономикалық дамуға осынша көңіл бөлініп жатқанда, өндірістік аймақтарда ғылыми қалашықтардың болуы да құба-құп.

Президент тапсырмасына сәйкес, ядролық кластер құру мақсатымен бұрынғы Семей полигоны аумағында «Балапан» сынақ алаңы мен атом көлі шахталық іске қосу қондырғылары жұмыс істеп тұр. Атом энергетикасы және энергетикалық технологиялар бағытында ғылыми зерттеулер әзірленеді, термоядролық синтез саласында іргелі қолданбалы зерттеулер жүргізіледі, реакторларда арналған материалдар мен плазмалық разрядтар сынамадан өткізіледі. АЭС салуды қолға алған еліміз ядролық реакторлардың қалдықтарды қоршаған ортаға зиянсыз етудің жолдарын табады. Бұл жоба жүзеге асса, Қазақстан ядролық кластер қалыптастыратын мемлекет ретінде танылады.

– Өңірлердің қажеттілігін өтеудегі АЭС-ның рөлін айтып өттіңіз. Ал елдің тұтас өркендеуінің кепілі болатын сол аймақтардың дамуы туралы не айтасыз? Осы жолда көлік-логистика инфрақұрылымының дамуы қаншалықты маңызды рөл атқарады?

– Аймақтарды әділетті дамыту – маңызды мәселе. Ел бойынша ауқымды әрі маңызды инфрақұрылымдық жоба аясында Астанадан Арқалық, Торғай және Ырғыз арқылы Транскаспий халықаралық көлік дәлізіне тура шығатын автокөлік жолының құрылысы басталмақшы. Жаңа жол салынса, орталық пен батыстың арасын 560 шақырымға қысқартатынын естіген жұрт қуанып жатыр. Әсіресе, Торғай өңірінің тамырына қан жүгіріп, жанаша дамуына жол ашылады. Сол сияқты Арқалықтағы әуежайды қалпына келтіріп, жаңа аэровокзал салынатын болып жатыр. Мемлекет басшысы бұл жобалардың көлік қатынастарын реттеуге, сондай-ақ орталық аймақтағы ауыл шаруашылығы жерлерін игеруге және мал шаруашылығын дамытуға серпін беретінін, машина жасау, металлургия, мұнай-химия, агроөнеркәсіп және көлік-логистика салаларында мұндай жобалар аз еместігін атап өтті.

Машина жасау индустриясында Қытай озып барады. Десе де, саннан гөрі сапаға мән берген жөн. Германия, Жапония көліктерінің сыны кетпейді. Ал көлік кәсібін кейіннен бастаған Корея, Өзбекстанның өзі өкшелеп ізін басып келеді. Сондықтан Қазақстанға ертең ешкімнің сынына қалмайтындай мінсіз машина құрастыру қажет. Ұлттық құрылтайда Мемлекет басшысы Алматы қаласында және Қостанай облысында автокөлік зауыттары ашылатынын атап өтті. Сонымен қатар «Достық – Мойынты» теміржол учаскесінің және Алматы бекетін айналып өтетін темір жол желісінің құрылысы аяқталады. «Қызылжар – Мойынты» бағытында жаңа жоба басталады.

Каспий теңізі тек бекіресін жеп, мұнай айдау үшін пайдаланбай, Еуропаны жалғайтын тасымалдау дәлізіне айналдыру керек. Әзірге тауар айналымы үшін Ақтауда Каспий теңізінің жағалауындағы контейнер хабының құрылысы аяқталуға таяу тұр. Сонымен қатар «Қорғас – Шығыс қақпа» ЕЭА аумағында халықаралық, ал Зайсан, Катонқарағай мен Кендірлі демалыс аймақтарында ішкі әуежай ашылады деп күтілуде. Президент еліміздің көлік жолдары желісін жақсартудың маңыздылығына тоқталып, Каспий теңізінің ұлтанымен тартылатын талшықты-оптикалық байланыс желісінің Еуропа мен Азия арасында цифрлық дәліз жасауға мүмкіндік беретінін алға тартты.

Шекара маңындағы аудандарда тіршілік қайнап жатуға тиіс. Алайда айналадағы ауылдардан сол баяғы сүренсіз көріністі байқайсыз. Солтүстік пен Шығыс Қазақстан – мал мен егінге жайлы, сол сияқты орман өсіруге де қолайлы, ауасы дауа, табиғаты тамаша шекаралас облыстар. «АМАНАТ» партиясы шекара маңындағы аудандарды дамытуға қатысты жаңа заң қабылдауды ұсынды. Осыған байланысты Президент Үкімет пен депутаттарға ұсынысты мұқият қарастыруды тапсырып, шекара маңындағы аудандар арқылы маңызды көлік-логистика дәліздері өтетінін, биыл автокөліктерге арналған 9 кеден бекетін жаңғырту жоспарланып жатқанын айтты. Соның арқасында бекеттердің өткізу мүмкіндігі 6 есеге артып, транзиттік әлеуетін нығайтуға септігі тиеді.

– Ұлттық экономиканың негізі саналатын ауыл шаруашылығының қазіргі ахуалына тоқталсақ. Бұл саланы цифрландыру нәтижесінде маңызды және оны толық жүзеге асыруға не кедергі?

– Қаншама қиындықпен халқымыздың отырықшы өмірге бейімделгенін, қолхоздастыру мен тың игерудің қалай жүргізілгенін тарихтан білеміз. Бүкіл өндіріс, агроөнеркәсіп, мал шаруашылығы

бүкіл тауар өндірушілер біткеннің бәрі мемлекет бекіткен статистикалық жоспарды орындау үшін 2-3 ауысымда жұмыс істеді. Нақты жоспарлы жұмыстың нәтижесінде барлық салада жүйелі даму қалыптасты. Агроөнеркәсіп өнеркәсіп саласы дамыған елдерде мемлекет ішкі-сыртқы нарыққа қажетті өнім өндіру үшін арнайы жоспар құрып, орындалуын бақылауда ұстап, жүйелі жұмыс істейді. Ең бастысы, жүйелі даму үшін жоспарлы жұмыс істеуді бақылау әрі орындау керек. Сонда салаға салған қаржының да қайтарымы, жұмыстың да нәтижесі көрінеді. Ал бізде қаржылай қолдау бар да, айтарлықтай даму байқалмайды. Себебі жүйе дұрыс жұмыс істемей келді. Осыған дейін Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл мәселеге де мән беріп, Қазақстанның әлеуеті зор ауыл шаруашылығын тиімді пайдалануға шақырған еді. Саланы реформалап, «Ауыл» банкін ашып, қалаған адамның шаруашылықпен айналысуына мүмкіндік беру керек. Себебі ауылдарда бұл іспен айналысқысы келетіндер жетіп артылады. Осы уақытқа дейін агроөнеркәсіпке агрокорпорациялар мен қаржылық ұйымдар арқылы берілген қолдау қаржы ауыз толтырып айтарлықтай нәтиже көрсетпеді.

Терең өңдеу ісіне бетбұрыс жасалса, Қазақстанда жасалмаған өнім қалмас еді. Бізде шығын мен қалдық көп. Қытайда тіпті кептірілген мандариннің қабығы қымбат тұрады. Ал бізде барлық жемістің қабығы коқыста жатады. Неге оны малға жем немесе егінге тыңайтқыш ретінде пайдаланбасақ? Қазір жер тапшылық етіп жатыр. Осыған байланысты «көрепке қарай көсілетін» тәсілдермен өнім өндіруге көшу керек. Жер көлемі аз елдерде бақша өнімдерін өсіруді мұнаралы гидропоника технологиясына жаппай көшіруде. Сондай-ақ мал жайылымын да ауыспалы жайылымға ауыстыруда. Кезінде қазақ шопандары мал тұқымын асылдандырумен айналысып, жетістікке жеткен. Қазір пәлен жылдан бері шетелден асылтұқымды малды қыруар қаржыға сатып алып жатырмыз. Сонда да асылданып кеткен малды көрмей келеміз. Бос шығын мен бос жүрісті доғарып, ақбас аңгус сиырлар мен өзге де ұсақ малдың тұқымын өзімізде асылдандыруды жаппай қолға алу қажет. Селекциялық бағытты күшейтіп, мал шаруашылығын жоспарлы дамытуға кірісу керек. Қазір өркім өз бетінше әрекет етіп жүр. Салдарынан ішкі нарық жайына қалып, артығырақ пұл үшін көрші елдерге табын-табын сиыр, үйір-үйір жылқы, отар-отар қой экспортталып, ет бағасы аспап кетті.

– Өңгімізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Кәмила ДҮЙСЕН

МӘСЕЛЕ

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Судья рақымшылық танытып, бостандыққа қоя берген, бірақ пробациялық есепке қойылған сотталғандарға бақылауды күшейту, олардың қайталап қылмыс жасауына жол бермеу Президент жариялаған «Заң мен тәртіп» қағидатына сәйкес келеді. Бақылауды арттыру мақсатында жаңа технологиялар енгізіліп жатыр. Мысалы, электронды браслеттер қылмыскердің қозғалысын қадағалауға ғана емес, оның қайтадан құқықбұзушылыққа баруының алдын алуға мүмкіндік береді.

БІЛЕЗІККЕ

«БАЙПАНҒАН»

Бостандық

Пробация қызметі сотталғандарға арналған электронды аяқ білезіктерін төрт жылдай бұрын белсенді қолдана бастады. Қылмыстық-атқару жүйесін жаңғырту шеңберінде 2021 жылғы қарашада елордада бұл жүйе тестілік режимде іске қосылды. Алдымен жыныстық тиіспеушілікке қарсы баптарда көзделген қылмыс жасаған, қарапайым тілмен айтқанда, педофил және адам зорлаған жеті сотталғанның бостандықтағы жүріс-тұрысын бақылау үшін электронды білезіктер қолданыла бастады.

Олардың сот үкіміне сай белгілі бір орындарға бармауы, балабақшаға, мектепке, өзге оқу орындарына жақындамауы, түнгі уақытта үйден шықпауы, пробация қызметіне хабарламай, тұрғылықты жерінен тыс елді мекендерге кетіп қалмауы сияқты тыйымдардың орындалуы осы арқылы тұрақты тексерілетіні мәлімделді.

Мамандар бұл жүйенің қолайлы екенін айтады. Пробация қызметінің инспекторы сотталғандардың белгіленген талаптарды сақтауын арнайы бағдарлама арқылы онлайн режимде қадағалай алады. Қаласа, архивті ашып, бұған дейінгі «жүріс-тұрысы тарихына» талдау жасай алады. Қызметкер қажетті деректерді компьютердің, планшеттің немесе смартфонның көмегімен жеке кабинет арқылы тексере алады. Егер сотталған адам белгіленген шектеулерді бұзса немесе білезікті зақымдауға тырысса, бұзушылық туралы дереу дабыл түседі.

2021 жылы Ішкі істер министрлігі келесі 2022 жылдан бастап пробация қызметінің есебінде тұрған барлық адамға электронды бақылау құралдарын қолдану практикасын кеңейту жоспарланғанын жариялады. Бір ғана елордада 2,5 мыңға жуық электронды білезік пен 25 мыңнан астам мобильді құрылғылар қажет болатыны айтылды.

Арада біраз уақыт өтті, бұл жүйенің әлі күнге кең өріске құлаш ұра алмағаны белгілі болды. Мысалы, өңірлік ҚАЗ департаментінің дерегінше, Қызылорда облысында пробациялық қызметтің бақылауындағы 1 000 сотталғанның 116-сы ғана электронды браслет тағалды. Өзге өңірлерде де ұқсас жағдай қалыптасты.

Сонда бұл жоба өзін ақтамағаны ма? Қылмыстық-атқару жүйесі мамандарының айтуынша, бұл заманауи құрылғылар сотталғандардың тұрғылықты мекенжайында қалатынын, жаңа қылмыс жасамайтынын кепілдендіреді,

оларға күндіз-түні, үздіксіз бақылауды қамтамасыз етеді. Браслеттер «антивандалдық» датчиктермен жарактандырылған, су өткізбейді, яғни суға түсуіне кедергі емес.

Өзінің әр басқан ізі қадағалауда екенін білетін сотталғандар аяғын тарта басады, қайта қылмысқа баратыны сирек. Белгіленген тыйымдарды бұзуға талаптанса, электронды бақылау құралын әрі қарай қолданудан бас тартса немесе жабдықты өз бетінше алып тастауға тырысып, бүлдірсе, пробация қызметі жазаны түрін бас бостандығынан айыруға өзгерту туралы мәселені қарау үшін материалдарды сотқа жібереді.

Еркіндіктің саф ауасын сіміруі сол білезікке байланысты екенін түсінгендіктен, қылмыскерлер заң мен тәртіпті сақтауға күш салады. Ендеше бұл жаңашылдық пробация қызметінің бақылау сапасын жақсартты, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге инновациялық технологияларды енгізудің маңызды қадамына айналды. Онда неге жүйе кең қолданысқа шыға алмады? Барлығы қаражаттың жетіспеуіне тіреліп тұрғанға ұқсайды.

МАҢЫЗДЫСЫ – АҚПАРАТ ҚАУІПСІЗДІГІ

Электронды білезіктерді бірінші кезекте жыныстық тиіспеушілікке қарсы қылмыстар үшін сотталып шыққандарға және жазаны өтеу, пробациялық бақылау шарттарын үнемі бұзатындарға тағу туралы шешім қабылданыпты. Сөйтіп, қолданыс аясы амалсыз шектелді.

Жалпы, бұл жүйенің пайдасын мына мысал да айғақтайды. 2025 жылғы ақпанда сирек оқиғалардың бірі болды: сотталған ақмоалық браслетті кесіп тастағаны үшін түрмеге кері оралды. Бұрын есірткі саудасы үшін темір қапаса камалған 45 жасар еркек одан мерзімінен бұрын шартты босап шығып, ақмоалық пробация қызметіне есепке тұрды.

Бірақ заң талабын пысықрмаған ол мінез-құлқына қойылған шектеулерді ұдайы бұзатын болған. Еш жерде жұмыс істемеген, жұмыс іздемеген. Инспектор барғанда, үйінде болмай шығатынды шығарған. Ай сайын тіркеліп кетуге келмейтіндіктен, қайда жүргенін, не былықтырып жатқанын ешкім білмеген. Сол себепті аудандық пробация бөлімінің қызметкерлері электронды қадағалау жүйесін қолданып, оны жеке бақылауға алды.

Бүкіл қозғалысын тоқтаусыз тіркеп, пробация бөліміне

«шынайы уақыт режимінде» жолдайтын браслет бұл еркектің қанын қайнатқан. Көп бас қатырмай білезікті кесіп тастаған ол сот залынан бір-ақ шықты. Бурабай ауданы прокуратурасының өтінішімен апелляциялық инстанция соты сотталғанды бас еркінен айырды. Электронды білезік болмағанда пробациядағылар есірткі саудалаушыдан көз жазып қалуы да мүмкін еді.

«AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі, Мәжіліс депутаты Дүйсенбай Тұрғановтың бағалауынша, пробация есебінде тұрған тұлғаларға электронды мониторинг құралдарын қолдану жазаны орындату саласының

21 400 тенгеге дейін күрт қымбаттамақ! Тиісінше, жалға алу келісімінің жиынтықты шығыны жыл сайын 20-25%-ға жоғарылайды. Бұл ретте тағы 23 469 электронды браслетке деген қосымша қажеттілік қалыптасты. Менің ойымша, бұл білезіктерді мемлекет меншігіне түпкілікті сатып алмай, жыл сайын, ай сайын жалдап отыру дегеніміз – қылмыстық-атқару жүйесінің бюджетін негізсіз, босқа рәсуала, басы артық жүктеме түсіру, – деді Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Мәжіліс депутаты тағы бір жайт алаңдататынын айтты: жекеменшіктегі компаниядан жалға алынған электронды білезіктерді қолдану соны таққан азаматтардың дербес деректерінің, кей жағдайда жедел, қызметтік сипаттағы

де пысықтады. Ақырғы сөз ақшаға қатысты болған көрінеді.

– Талдау көрсеткендей, сервер жабдықтары мен қажетті бағдарламалық қамтылымды сатып алуға, байланыс қызметінің ақысын төлеуге, сондай-ақ жүйеге қызмет көрсетудің жыл сайынғы шығындарына елеулі қаражат қажет болады. Алдын ала есептеме бойынша мұның шығыстары жыл сайын 3,2 миллиард тенгеге түседі. Және бұл мониторинг жүйесінің шығыстарын қоспағандағысы, – деді Премьер-Министр.

Керекті жабдықтар мен бағдарламалар және басқасы байланыс операторларында онысыз да бар. Нәтижесінде, оны олардан жалға алу бірнеше есе аз шығынды талап етеді. ЭКҚ жүйесінің 3 жылғы арендасының құны мемлекеттік меншіктегі жүйенің бір жылғы жұмыс шығындарынан екі есе арзан болып шықты. Үкімет басшысының мәліметінше, 3 жылға жалға алуға 1,6 миллиард теңге бөлінді: 2024 жылы – 455 млн, 2025 жылы – 547 млн, 2026 жылы – 658 млн теңге.

Өйткені келісім бойынша жүйеге қызмет көрсетуге, жабдықты жөндеуге, жарамсыз болып қалған аяқ білезіктерін ауыстыруға, байланыс қызметіне, электронды мониторинг жүйесін сүйемелдеуге қатысты барлық шығын өнім жеткізушінің мойнына жүктелген.

– Тағы бір ескеретін жайт, өндіруші зауыттың нормаларына сәйкес, бір браслетті пайдалану мерзімі 3 жыл ғана. Осы мерзім өткен соң бюджеттен электронды қадағалау құралдарын жаңадан сатып алуға тура келеді. Осыны ескере келе, «сервистік модель» деп аталатын, ЭКҚ-ны жалға алу арқылы өндіру тәсілі оны сатып алып, мемлекеттік теңгерімге алғанға қарағанда қаржылық тұрғыдан тиімдірек деп танылды. Бұл тәсілдемені Президент Әкімшілігі қолдады, – деді О.Бектенов.

Үкімет басшысы азаматтардың дербес деректерін қорғау және ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін өкілеттіктердің аражігін ажырату жүзеге асырылғанын жеткізді. Мәселен, ҚАЗ пробация қызметінің қызметкерлері сотталғанның орнын, мекенжайын анықтап, бақылау үшін екі сервисті пайдаланады. Оның бірі – картографиялық платформа немесе браслеттердің ID-нөмірлерінің қозғалысы көрсетілетін өзекті карта бар. Екіншісі – деректерді есепке алу жүйесі: бұл тұғырнамада сотталғандардың дербес деректері, жазасын өтеуінің шарттары және аяқ білезіктерінің есебі туралы мәліметтер қамтылады.

Мұнда картографиялық платформа өнім берушінің серверлерінде орналастырылған. Премьер-Министр ол тұғырнамаға әрбір браслеттің кімнің аяғына тағылғаны, аты-жөні және басқа дерегі берілмейтініне сендірді. Деректерді есепке алу жүйесі Қылмыстық-атқару жүйесі комитетіне берілген, оған тек ҚАЗ қызметкерлері кіре алады.

Қалай болғанда, құқық қорғау органдарына енгізіліп жатқан заманауи технологиялар құқықтық тәртіп пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, полицияның жұмыс тиімділігін арттыруға септеседі. Электронды браслет арқасында шартты түрде мерзімінен бұрын босап шыққандар, сот рақымшылық танытқандар жасаған жаңа қылмыстарды ашу 2 есе өскен.

Елдос СЕНБАЙ



Елнар ҚАБА (сәулелер)

тиімді тетіктерінің бірі болды. Сондықтан да бұл әлемдегі дамыған елдердің полицейлік және қылмыстық-атқару қызметтерінде табысты қолданылады.

Депутат қазір аяқ білезіктерін мемлекеттің тек жалға алатынын жеткізді. 2024-2026 жылдарға арналған үш жылдық бюджетте Республикалық бюджеттік комиссия тек 2 562 электронды браслетті жалға алу ақысын төлеуге 1,6 млрд теңге бөлуді құптады.

Соның негізінде өткізілген тендер қорытындысында «КарТел» ЖШС-ымен арада электронды білезіктерді арендаға алу қызметін көрсету туралы 3 жылға келісім бекітілген. Компания білезік тағылған сотталғандардың қозғалысы туралы ақпаратты ұялы байланыс пен спутниктік байланыс көмегімен алады. Бақылаудағыларға телефонын сөндіруге тыйым салынатыны мәлім.

– Салмақты бір проблема бар. Электронды браслет арендаға берілетіндіктен, оның жалдау ақысы жыл сайын өседі. Нақтылағанда, былтырғы 2024 жылы 1 білезікті бір айға жалға алу құны 14 800 теңге тұрыпты. Биыл бағасы 17 800 теңгеге көтерілген. Келесі 2026 жылы

мәліметтердің сыртқа шығып кету, бөгде тұлғалардың құпия ақпараттарға қол жеткізу қаупін төндіреді.

Сол себепті «AMANAT» фракциясының мүшелері Д.Тұрғанов, Г.Нұрымова сияқты депутаттардың пайымдауынша, қоғам мен мемлекеттік қауіпсіздіктің негізін құрайтын ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін электронды бақылау құралдарын жеке сектордан жалға алу тәжірибесін осымен тоқтатқан орынды. Қалаулылардың айтуынша, жабдықтар мемлекеттік сатып алу рәсімдері арқылы жеткізіліп, бүкіл жүйе, технологиялары мен бағдарламалық қамтылымы мемлекеттік мекеменің иелігінде болғаны жөн. Дамыған елдерде солай.

БЮДЖЕТКЕ ТИІМДІ ТӘСІП ТАНДАЛДЫ

Осы саладағы ахуал туралы парламентшілерді жазбаша хабардар еткен Үкімет басшысы Олжас Бектеновтің мәліметінше, Ішкі істер министрлігі электронды қадағалау құралдары (ЭКҚ) жүйесін жалға алу орнына оны толыққанды сатып алу мәселесін бұған дейін

ПАРАСАТ

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ



Айтыста алмастың жүзіндей өткір сөзі айызыңды қандырып, домбырасының үні мен жыр айту мақамы еріксіз еліттіретін, аузынан шыққан әр шумақта түйдек-түйдек ой, халықтың мұңы мен даты жататын ақынның қашанда бәсі биік. Өрнекті сөз, өжет мінез, адуын айтысымен көрерменді 45 жыл сахнаға жіпсіз байлаған ақын Әсия БЕРКЕНОВА 75 жасқа толды.

шәкірті сайысқа түскенде ұстаздары бірден-бір тілеулестері болатынына көз жеткіздім. Олар маған көп үміт артты. Мен өмірде айтыс ақыны болмасам да, ұстаздарымның үмітін ақтау үшін бәрібір тұлға боларым анық еді. Бала кезден өте белсенді болуыма, азаматтықұстанымымның қалыптасуына әсер еткен – ұстаздарым» дейді ақын. Бұл да – өнеге.

Халқымыз адамның асқан қабілетін сипаттағанда оның қанмен берілетінін қадап айтып отырады. Ел жақта, екі жұрттың ортасында бұлғақтап, екі тараптың да мейіріміне шомылып өскен Әсияның есімі ауызға алынғанда да, жұрты оның тегін атап көрсетіп отыратынын байқадым. Ақынның өзі де: «Менің әкем Әйіп ақын-

Сол ғажап күндерде небір дүлдүл ақындармен бірге жерлестерімді көріп, сұлу сөзді құмарта тындап, еліме деген сағынышымды басатынмын. Қасымдағыларға «Менің төркінім» деп мақтанам. Сол сезімім жүрегімде мәңгілікке орнықты.

Әсия Әйіпқызының еңбек жолы мектепте басталған: әуелі Наурызым ауданындағы Өлеңді орта мектебінде ұзақ жыл орыс тілі мен әдебиетінен сабақ берді. Оқу ісінің меңгерушісі болды. Еліміздің Білім беру ісінің үздігі атанды.

Қостанайға көшіп келгенде, алдымен Ыбырай Алтынсарин атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатта ақын-дар мектебін ашты. Содан кейін

Олар айтысқа келгенде біз кітаптан ғана білетін XIX ғасырдағы ұлттық өнердің үлгісін дамытты. Әсия, Қонысбай, Әселхан, Шолпандар Манап Көкеновке, Көкен Шәкеевке қарап айтыстың көшіне ілессе, кейінгілер бұлардың жолын жалғап, ілгерілеті түсті. Серік Құсанбаев, Аманжол Әлтаев, Айбек Қалиевтер, Бекарыс Шойбековтер шығып, ұтқыр ой, оралымды сөз саптауымен халықты жалт қаратты.

Ол кездегі айтыстарда ұлттық, қоғамдық мәселелер көп көтерілді. Жер-су атауларына, ұлттық салт-сана, тілге қатысты жалтақтамай, батыра айтылған сөздер талайдың намыс отын жақты деп ойлаймын. Мысалы, Әсия ақынның қамшымен осып жібергендей:

Өткен ғасырда телевизия, сайт, YouTube арналар мен әлеуметтік желі сияқты қуатты жарнама құралдары жоқ кезеңде де, тұлға бойы таланттан жаралғандай жандар бәрібір бүкіл елге танымал болатын. Олардың ел алдындағы абырой-беделі қазіргідей Instagram-да қанша жазылушысы (оның басым көбі жазылған адамының тұлғалық болмысына емес, әдемі көйлегі мен көлігіне, саяхатына қызығушылар екені де түсінікті) бар екенімен есептелмейтін. Ата-ана ұл-қызына сол тұлғаның өмірін үлгі-өнеге етіп тәрбиелеуі, мектепте сол тұлғаның елге сіңірген еңбегі жас ұрпаққа танытылуы, тұлғаның өзінің де өмірлік ұстанымдары арқылы қоғамда оған деген құрмет пайда болатын. Тобыл-Торғай өңіріндегі сондай тұлғаның біреуі және бірегейі – халық ақыны Әсия Беркенова.

Мен де ол кісінің есімін мектепте жүргенде естідім. Әдебиет сабағында мұғаліміміз Райса Ғалеева «Қыз бен жігіт айтысы» тақырыбын өткенде Біржан-Сара, Күдері-Ұлбике, Жамбыл-Айкүміс айтыстарын мысалға келтірген. Бәрін білуге тырысып, сұрақ қойып, мұғалімдерге маза бермейтін оқушы едім. Бұл жолы да тыныш отырмай: «Біздің жақта ондай ақын қыздар бар ма?» деп қалдым. Райса апай «Қостанайда Әсия Беркенова деген жас ақын бар» деген-ді. Сол күннен көзіме ол кісінің аты жазылған ақпарат түссе оқып, радиодан айтыс берілсе, даусын тындап, заманауи тілмен айтқанда, кәдімгідей «фанаты» болдым.

Әсияның 1950 жылы Қостанай облысы Әуликөл ауданының Сұлукөл ауылында дүниеге келгенін, нағашы атасы мен әжесінің бауырында өскенін оқып білдім. Атасы 14 перзенттен қалған жалғыз қызынан көрген қызғалдағына кішкентай кезінен

домбыра үйретіпті. Анасының да әдемі қоныр даусы болған, ауылдың қуанышты жиын-тойында өнерпаздармен бірге халық әндерінің түр-түрін құйқылжыта орындайды екен. Ана өнегесімен Әсия да кішкентайынан өнерге бейім болып, бірде сырнаймын, бірде домбырасымен сүйемелдеп, ән айтып өскен.

Атасы кейде өзі, кейде қатарластарын шақырып, «Арынғазы», «Қосалқа», «Келіншек» сияқты толып жатқан күйлерді тартып, ән айтып, Әсияға батырлар жырын оқытқаны өзіміздің бала кезімізді еске салды. Иә, біз де солай, майшамның жарығымен үлкендерге жыр оқып өсіп едік. Ақынның өлеңге құштарлығы, кейін айтыстарда мүдірмейтіні, әр сөзін мәнерлеп, нақышына келтіріп айтуы сол кезден бастау алғанын көрсетеді.

Ақын бір сұхбатында «Мені өлең немесе қара сөз оқуға үйреткен мектептегі мұғалімдер емес, үйдегі ата-әжем еді. Ол кісілер өздері ұнатқан жыр үзінділерін оқытып, оны түзетіп, дауыс ырғағын келтіріп қайта оқытып отырушы еді...» дейді. Яғни, бұл – ата-аналарға баланың тілін дамыту, кітап оқуға құмарлығын ояту, талғамы мен бағытын қалыптастыру отбасынан басталатыны туралы құлаққағыс. Қазіргі балалардың ана тіліне шорқақ болмауы, ұлттық құндылықтарды қадір тұтуы әке-шешенің міндеті екенін ешкімді көзге шұқымай, өз өмірін мысалға келтіре отырып айтып отыр.

Сондай-ақ өзі ұстаз болғандықтан, ата-ана мен мектептің байланысына үлкен мән береді. Әсіресе, қоғамда ұстазға деген құрметтің орнығуы туралы сөзі баласының болашағын ойлайтын ата-ана көкейіне қона кетеді. «Мен айтысқа барып жүргенімде «Баласы атқа шапса, анасы үйде тақымын қысады» деген сияқты,

ӨМІР. ӨНЕР.

жанды кісі болған екен. Замандастары оның хатты ылғи өлеңмен жазғанын айтады. Ал атамыз ел ішінде «өлеңші Хакімжан» атанған, домбырамен ән айтатын, ешкімге сөзін жібермейтін ділмар кісі болыпты. Менің жас кезімде

Ахмет Байтұрсынұлы атындағы университетте «Өнер» студиясын ашып, өнер кеңістігінде қаншама бұлақтың көзін ашып, жас дарындардың тұсауын кескен. Бүгінде елге танымал тележурналистер: «Абай» телеарнасындағы Гаухар

Ұлтпыз-ау туған сірә азапты ала, Өзгеге жүру үшін мазактала. Өз тілін білмейтұғын орыс бар ма,

Қазақша білмейтін тек қазақ қана! – деген сөзі кейін талай жиындарда, мақалаларда қайталанғанын естіп, көрдік.

Жалпы, барша айтыс ақынының төл өнер тарихында орны бар, соның ішінде қазақ қыздарынан шыққан ақындардың еңбегін ұшан-теңіз деуге болады. Өйткені олардың домбыра ұстап, айтысқа шығуының өзі небір тар жол, тайғақ кешу сияқты, біразы тарихтан белгілі. Мысалы, «Жиенқұлға келгенде үні шықпайтын» Сара мен айтысканы үшін күйеуінің жуан жұдырығынан қаза болған Ұлбикенің тағдыры. Бір сұхбатында осы мәселе туралы Әсия: «Сахнаға жетуіне, әрине, үйдегі жолдасының, жүрегінің иесінің кендігі өте үлкен рөл атқарады. Кейбір замандас қыздардың, бір-екі айтыстан кейін шықпай қалған кездері болды. Олардың өнері сарқылтып қалғандықтан емес, үйіндегі кикілжіңнен шыға алмады. Және адамның жеке басын алып жүру жауапкершілігі деген тағы бар», – дейді.

Яғни, Жаратушы берген өнерді ақын қыздың ортасы, қосағы түсіне, қабылдай білуіне көп нәрсе байланысты. Бұл ретте Әсия апамыздың бағы бар: өмірлік жары Табылды сенімді серігі де, қолдаушысы да, қамқоршысы да болды. Ағамыздың алған жарының тұлға ретінде дамуына қолдау көрсететін түсінігі мол азамат болуынан қазақ өнері ұтты – айтыс өнерінде айшықты із қалдырған ақын сахнада 45 жылға жуық домбырасын



Мен өмірде айтыс ақыны болмасам да, ұстаздарымның үмітін ақтау үшін бәрібір тұлға боларым анық еді. Бала кезден өте белсенді болуыма, азаматтық ұстанымымның қалыптасуына әсер еткен – ұстаздарым



үлкен кісілер «Сенің сөз саптауың атаң Хакімжанға ұқсаған» дейтіні есімде», – деп еске алады.

Біздің бала күнімізде айтыс ақындары қазіргі тілмен айтсақ, «жұлдыз» болатын. Тіпті, олар теледидардан ғана көруге болатын, былайғы жұрттың арасында жүрмейтін жандардай көрінетін. Кейін оларды сахнадан көріп, мәз болдық. Ұқсауға тырыстық. Жаксы қашанда көпке ортақ қой. Әсіресе, басқа өңірде жүргенде бір топырақта туып-өсіп, сол жаққа тән өнер мен мәдениетті тұтас елге паш етіп жүрген адамды өзіміз сініп, туысындай, жақынындай көреді екенсің. Студент кезімізде Алматыға айтысқа келген Әсия Беркенова, Қонысбай Әбіл, Жадыра Құтжановалармен бірге ел көшіп келгендей мәз болатынбыз. Ол кездерде уақыты шектеусіз айтыстарды да жұртшылық тапжылмай отырып, тамашалайтын.

Төлекбаева, «Атамекен-бизнес» арнасындағы Дархан Абдурахит, 24kz арнасындағы Жансая Қожахмет, «Астана» арнасының Қостанайдағы меншікті тілшісі Заңғар Санай, Парламент Мәжілісінің экс-депутаты Әлия Сапарова, Абай атындағы опера және балет театрының белді орындаушысы Азамат Малышов, басқа да қыз-жігіттер осы студиядан қанаттанған.

Мектептің тынымсыз жұмысы мен ауылдың қонырқай тіршілігіне алданып, біраз жыл өлеңнен қол үзіп қалған жас ұстаздың жүрек түкпірінде бұғып жатқан ақындық өнердің қайта оянуына себеп болған 1980 жылы Алматыда өткен республикалық аламан айтыс екен. Ал 1984 жылы Алматыда өткен Кенен Әзірбаевтың 100 жылдығына арналған республикалық айтыста-ақ Әсия бірінші орынды жеңіп алады.

ПАРАСАТ

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

күмбірлетіп, сөз құдіретін паш етіп келеді.

Әсия Беркенова – достықта да жолы болған жан. Қазақта аражігі ажырамайтын достарды сипаттайтын тамаша теңеу бар: «егіз козыдай» дейді. Мен ХХ ғасырдағы айтыс өнерін заңғар биікке көтеріп, ХХІ ғасырдағы айтыстың өсіп-өркендеуі үшін саналы ғұмырын арнаған санлақ апарларымыз Әсия Беркенова мен Әселхан Қалыбекованың достығы туралы ғажайып әңгіме естідім. Екеуі бір жылда, бір күнде дүниеге келген екен. Бірі оңтүстікте, бірі солтүстікте тұрса да мерейлі жеңге жеткен 50, 60 жасын екі елге кезек барып, бірге тойлауды әдетке айналдырыпты. Осыдан 10 жыл бұрын сол дәстүрмен Қостанайда өнерсүйер қауым қос ақынға айрықша құрмет көрсетіп, ғаламат іс-шара өткізгенін естіп, тамсанғанбыз. Атауы да керемет – «Айдын жырдың қос ақуы».

Сол іс-шараны ұйымдастырушылардың бірі Ерлан Қалмақов: «Әселхан апамыз екеуіне арнап қабына есімдері жазылған домбыра жасатыпты. Соның өз аты

атанды. Бұл жерде Әсияның Қостанай өңірінде Омар Шипиннен кейін «Халық ақыны» атағын алған екінші ақын екенін айта кетуіміз керек. Биік марапат шексіз қуанышқа бөлеп қана қойған жоқ, шабыт отын үрледі, биіктерге ұмтылдырды. Сөйтіп, Ә.Беркенова талай мәрте республикалық айтыстардың жеңімпазы болды.

Әсіресе, Абылай ханның 280 жылдығы, әнші Мұхиттың 150 жылдығы, Қажымұқан палуанның 120 жылдығы, Шақшақұлы Жәнібек батырдың 300 жылдығы тойларында оның айтыстағы дара таланты жарқырай көрінді. Моңғолия, Қытай, Өзбекстан, Қазақстан, Ресей және Қазақстан ақындарының арасында өткен халықаралық айтыстардың жүлдегері атанды. Қазір оның есімі елдегі жырсүйер қауымға ғана емес, елімізден тыс жерде тұратын қазақтарға да танымал.

Әсия Беркенованың өмірі өңірдің, елдің айтыс өнерімен бірге өрілген. Ол 1980 жылдардан бастап айтысқа қатысып, 45 жылға жуық уақыт бойы өмірін осы киелі өнерге арнап келеді: туған өлкенің

ген мамандық жоғалады», «Бәрің жасанды интеллект алмастырады» деген болжамдарды естіп қаламыз. Өз басым бұл қорқытып, үркіту емес, білім беру, кадрларды дайындау бағытын өзгерту керегіне назар аударту екенін түсінемін. Негіз бар. Бұрын Google-аудармашыға сүйенетіндер, қазір мәтіндерін GPT-ге салып, жұтындырып қояды. Бірақ ол мәтіндердің «жаны» жоқ екенін біз сияқты «кәрі қасқырлар» біліп қоямыз.

Осы орайда мен жасанды интеллект ауыстыра алмайтын бір сала бар екенін айтқым келеді, ол – айтыс. Қазақтың әлем мойындаған өнері. Оның 2015 жылы ЮНЕСКО-ның адамзаттың материалдық емес мәдени мұрасының көрнекі тізіміне енгізілуі де – айтыстың бірегейлігінің дәлелі. Айтыс өнеріне деген адалдығын ту қып көтерген ақындарымызбен бірге «Тобыл-Торғай өңірінің ақберен ақыны» атанған Әсия Беркенованың да төл өнеріміздің жанданып, халықпен қауышуына, әлем сахналарында жарқырап көрінуіне орасан зор үлес қосқаны даусыз.

Бүгін де ол ақындар сапында: өңірдегі ізінен ерген ақындардың өсуіне зер салып, «Бұларды тағынан таймай, арнасында жүрген ақындар деп есептеймін. Айбек ініміз сабырлы, салықалы қалпымен елдің ықыласына бөленді. Өзінің қарымы да, көзқарасы да қалыптасқан. Батырлан Сағынтаев баламыз да әдебиеттегі миссиясын жақсы жалғастырып келе жатыр. Бір сөзбен айтқанда, кейінгі буынның беталысы жап-жақсы» деп арқаларынан қағады. Жас буын ақындарды айтысқа дайындайды.

Мысалы, өңір айтыскерлерінің Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтар жылы» деп жария етуіне орай қосқан ерекше үнін айтайық. Биыл 2 наурыз күні, Қостанай қаласында Түркістан және Қостанай облыстары ақындарының «Адал еңбек – ер дәулеті» атты республикалық командалық айтысы өтті. Киелі Түркістан мен қасиетті Тобыл-Торғай өңірінің қазіргі таңдағы ең мықты өнерпаздары жиналған сол сайыста айтыс өнерінің өз анасына айналған Әсия Беркенова апамыз да өз командасын баптап, үкілеп топқа қосты.

«Қостанайда кімің бар?» десе, «Әсия апам бар» деп мақтана жауап беретін жалғыз мен емес екенімді білемін. Күнде қасында жүрмесе де, сырттай Әсия апайға рухани тұрғыда арқа сүйейтін, болмысының өзі бойға қуат беріп, жүрекке сенім құятын жандар елде өте көп. Олар талай жасқа жол нұсқаған, көмек көрсеткен, ақыл айтқан, өнер, өмір айдынында қамқоршы болған Әсия Беркенова апайымыздың бар болуын, айтыстың ғана емес, өмірдің сахнасында ұзақ жыл жарқырап жүруін тілейтіні хақ.

Камал ӘЛПЕЙІСОВА,
жазушы, аудармашы,
филология ғылымдарының
кандидаты

ӨНЕГЕ



Ілеспе аударма жасап жүрген соң жиындарда «Болашақта жүздеген мамандық жоғалады», «Бәрің жасанды интеллект алмастырады» деген болжамдарды естіп қаламыз



жазылғанын Әсия апамызға сыйлап, досының есімі жазылғанын өзіне қалдырған. Ал Әсия апай арнайы бірдей шапан тіккізіп, екеуі соны киіп жүретін» деген-ді. Ғажап емес пе?!

Әселхан ақын дүниеден озғанда бүкіл ел күніренді, ал егіз қозының сыңары бастан кешкен қайғыны айтпай-ақ қояйық.

Олар айтысқа бір мезгілде келген-ді. Бір мезгілде – 1990 жылы Әсия Беркенова, Әселхан Қалыбекова, Қонысбай Әбіл үшеуі «Қазақстанның Халық ақыны»

намысын қорғап, сөз сайысына шықты, көптеген республикалық және халықаралық айтыстың жеңімпазы атанды, жас айтыскер ақындарды дайындап, төл өнеріміздің дамуына зор үлес қосты. Осындай ерен еңбегі үшін ел сүйіспеншілігіне бөленді. Қазақстанның Халық ақыны, Ағарту ісінің үздігі, Қазақстанның мәдениет саласының үздігі, Қостанай облысының құрметті азаматы атанды. Кеудесіне «Құрмет» орденін тақты.

Ілеспе аударма жасап жүрген соң жиындарда «Болашақта жүзде-

«АХМЕТ. АЛАШ АРДАҚТЫСЫ» КІТАБЫНЫҢ ТҰСАУЫ КЕСІЛДІ

Елорда төрінде өткен «ASTANA Eurasian Book Fair» VIII Халықаралық кітап және полиграфиялық көрмесінде кітап жәрмеңкесінің ұйымдастырылуынан бөлек, бірнеше кітаптың тұсаукесер рәсімі өтті. Соның бірі – Ахмет Байтұрсынұлы музей-үйінің директоры, филология ғылымдарының кандидаты Райхан Имаханбеттің «Ахмет. Алаш ардақтысы» атты жаңа кітабы. Кітап таныстырылымында оқырмандар автормен кездесіп, қолтаңбасы қойылған жаңа кітапты қолдарына алды.



«Алматыкітап баспасынан» жарық көрген бұл еңбек – ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының өмір жолын, тарихи миссиясын, Алаш идеясын тереңнен толғаған тағлымды дүние. Бұл бірегей кітап Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен мұрасына арналған және «Менің Қазақстаным» сериясы бойынша жарық көрді. Басылымда Ахмет Байтұрсынұлының көптеген шығармаларының орыс тіліндегі аудармалары алғаш рет ұсынылады. Сондай-ақ, оның өмірі, қызметі, Ұлт ұстазы келбетіндегі азаматтығы мен ұлтсүйгіштігі жайлы шынайы естеліктер берілген.

– Ұлт ұстазының 150 жылдығы қарсаңында осы кітапты шығаруды жоспарлап едім. Бірақ араға бірнеше жыл салып сәті биылға түсіп отыр екен. Үнемі үш ағартушы айтылады: Абай, Шоқан, Ыбырай. Арасында Ахмет қалған сайын жүрегіміз ауырып отырды. Ағартушылықты ұлттық болмыста жасаған тұлғалардың дүниесі бір бөлек те, Ахмет бір бөлек деп айтқандар бар екен. Ешкімге ұқсамайтын кемеңгер, ешкімге ұқсамайтын есіл ер. Тәуелсіздік алғаннан кейін де Ахмет Байтұрсынұлына қатысты жекелеген еңбектердің шығуының жолы ауыр болатын. Соған қарамастан Алматы қаласындағы музей-үйі де мемлекетке өтіп, барлығы қаз-қатар келді. Демек, Алаш арыстарының есімі оралғаннан бөлек, жасаған мұратының тіріліп, бізбен бірге жасауына қызмет етуіміз керек, – деді автор Райхан Имаханбет.

Ауқымды мәдени-ағартушылық шарада көпшілікке таныстырылған «Ахмет. Алаш ардақтысы» кітабы – Ұлт ұстазының өмірбаяны ғана емес, сонымен қатар «Алаш» қозғалысының мұрасына деген мақтаныш пен құрметтің символы. Себебі, Ахмет Байтұрсынұлының идеялары мен ұстанымдарын, ұлттық бірегейлікті сақтау жолындағы күресін терең түсінуге мүмкіндік береді.

Тұсаукесерде қоғам қайраткерлері, БАҚ өкілдері және жас ұрпақ өкілдері сөз сөйледі. Сондай-ақ, кітаптан үзінділер оқылып, алаш рухын сезінуге және сол дәуірдің атмосферасын тереңірек түсінуге мүмкіндік берілді. Домбыраның күмбірлеген үні, соның ішінде Ахмет Байтұрсынұлының «Арман» күйі шертіліп, көрермендерді ұлы ағартушы, реформатор және қазақ халқының біртуар перзенті Ахмет Байтұрсынұлы өмір сүрген дәуірге жетеледі. Қатысушылар бай тарихи мұрамызды тереңірек түсініп, шабыт беретін рухани байлықпен қауышты, туынды авторымен жүзбе жүз жолығып, шығарманың мазмұны жөнінде мағлұмат алды.

Әсемай РИНАТҚЫЗЫ

АЙҚЫНДАМА

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

ӨМІР ҮШІН ИННОВАЦИЯЛАР: «ИНТЕРГАЗ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ» АҚ ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕ ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАЛАЙ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТЕДІ

Дүниежүзілік еңбекті қорғау күніне орай

Сәуірдің 28-і – әлем бойынша Еңбекті қорғау күні ретінде аталып өтеді. Бұл күн – өндірістік жетістіктердің адам өмірі мен денсаулығынан маңызды емес екенін еске салатын күн. Сондай-ақ бұл күн – еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз етудің, әр жұмысшының амандығын бірінші орынға қоюдың маңыздылығын тағы бір мәрте атап өтуге берілген мүмкіндік.

«QazaqGaz» ҰК АҚ құрамына кіретін «Интергаз Орталық Азия» АҚ үшін еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік – тек басымдық ғана емес, күнделікті жұмыс барысы. Компания магистральдық газ құбырлары арқылы табиғи газды тасымалдаумен айналысады және өндірістік қауіп-қатер деңгейі жоғары нысандарда жұмыс істейді. Сондықтан жұмысшылардың өмірі мен денсаулығын сақтау міндеті барлық бизнес-процестердің құрылымына енгізілген.



ЖҰМЫС ІСТЕЙТІН ЖҮЙЕ: КОРПОРАТИВТІК СТАНДАРТТАР МЕН ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСКАРУ

Компанияда «Қауіпсіздік және еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесі», өндірістік бақылау ережелері және өрт қауіпсіздігіне қатысты корпоративтік стандарттар жұмыс істейді. Бұл құжаттар еңбекті қорғау саласындағы тәуекелдерді басқаруға, мақсаттарға қол жеткізуге және компанияның корпоративтік саясатына сәйкес міндеттемелерді орындауға бағытталған интеграцияланған басқару жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Корпоративтік стандарттар әр филиалдың аумақтық және өндірістік ерекшеліктерін ескере отырып жасалған, басқарудың ашықтығын, заңнама мен салалық талаптарға сәйкестігін қамтамасыз етеді. Бұл ұжым ішінде де, сыртқы серіктестер арасында да сенімді қалыптастырады.

ӘР ЖҰМЫСШЫ ӨЗ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ЖАУАПТЫ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ әрбір жұмысшының еңбегін қорғауға бағытталған нақты және орындалатын қағидалар жүйесін қалыптастырды. Жұмысшылар, соның ішінде мердігер ұйымдардың персоналы да, егер жұмыс тапсырмалары өмірге немесе денсаулыққа қауіп төндірсе, олардан бас тартуға немесе тоқтатуға құқылы.

Мердігерлер – компанияның қауіпсіздік жүйесінің ажырамас бөлігі. Олармен жасалатын шарттарға корпоративтік стандарттарды сақтау бойынша қатаң талаптар енгізілген. Келісім жасалмас бұрын олардың жабықтықтары, персоналдың біліктілігі және қолданыстағы қауіпсіздік басқару жүйелері мұқият аудиттен өтеді.

ӨМІРДІ ҚОРҒАУДЫ ЦИФРЛЫҚ ҚҰРАЛЫ

2023 жылдан бастап компания цифрлық технологияларды белсенді түрде енгізе бастады. Негізгі шешімдердің бірі – құрылымдық бөлімшелерден бастап корпоративтік орталыққа дейін барлық басқару деңгейлерін қамтитын автоматтандырылған BaQulau жүйесі болды. Бұл жүйе қауіпсіздік кедергілерінің жай-күйін нақты уақыт режимінде бақылауға, ықтимал тәуекелдерді анықтауға және жаракаттану деңгейін төмендетуге мүмкіндік береді.

Процестерді автоматтандыру ауытқуларға жедел әрекет етуге, деректерді талдауға және қоршаған ортаны қорғау шараларының тиімділігін арттыруға жол ашады.

ДЕНСАУЛЫҚТЫ САҚТАУ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ: ҚАТЕЛІКСІЗ МЕДИЦИНА

Тағы бір маңызды жоба – автоматтандырылған медициналық куәландыру жүйесі. Ол ауысым алдындағы, ауысымнан кейінгі және рейс алдындағы тексерістерді қамтиды. Бұл жүйе субъективті қателіктерді болдырмайды, шаршау, күйзеліс немесе медициналық құрылғылармен анықталуы қиын басқа да жасырын қауіптерді айқындауға мүмкіндік береді.

Бұл тек диагностика сапасын арттырып қана қоймай, медициналық пункттердегі жүктемені азайтып, жұмысшыларға жылдам әрі тиімді қамқорлық көрсетуге септігін тигізеді.



ҚАУІПСІЗДІК МӘДЕНИЕТІ – ӘР ЖҰМЫСШЫНЫҢ САНАСЫНДА

Компания еңбек қауіпсіздігі мәдениетін дамытуға басымдық береді. Мұнда қауіпсіздік қағидаларын сақтау міндет емес, ішкі нормаға айналуы тиіс деген ұстаным қалыптасқан. Жеке жауапкершілік пен «Нәлдік оқиға – нақты мақсат» қағидатын қалыптастыру жолында нәтижелі іс-шаралар қабылданды.

Қауіпсіздік мәдениетін дамытудың негізгі бағыттары:

- басшылардың көшбасшылығы мен белсенді қатысуы;
- жұмысшыларды үнемі оқыту;
- жоғары деңгейдегі ақпараттандыру;
- бұзушылықтарға мүлдем төзбеушілік;
- қауіпсіз мінез-құлық үшін ынталандыру;
- әр адамның төтенше жағдайдың алдын алуға дайын болуы.

НӘТИЖЕМЕН ДӘЛЕЛДЕНГЕН ҚАУІПСІЗДІК

2024 жылы компания QazaqGaz еншілес ұйымдары арасында өткен HSE форумында «HSE көрсеткіштері бойынша үздік кәсіпорын» номинациясында жеңімпаз атанды. Ең басты көрсеткіш – бірде-бір өндірістік жаракат немесе кәсіби ауру тіркелмеген.

Мұндай нәтиже – тәуекелдерді басқару және қауіпсіздік мәдениетін дамытуға қатысқан бүкіл команда еңбегінің жемісі. Компания басшылығы да жұмысшыларға қандай да бір қауіп төнген жағдайда жұмысты тоқтату құқығын беріп, адам өмірі – басты құндылық екенін нақты көрсетіп отыр.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ еңбек қауіпсіздігі – жай ғана норма емес, тұрақты дамудың міндетті шарты.

МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ ЖАНҒА ДЕМЕУ БАР

Елімізде мүмкіндігі шектеулі жандарға қолдау көрсету мақсатында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Қарағанды облысында бұл бағытта жергілікті атқарушы органдармен қатар, қоғамдық бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдар елеулі үлес қосып отыр. Мәселен, мүгедек балаларды оңалту мақсатында ұйымдар өкілдері жан-жақты әдіс-тәсілдерді, технологияларды ұсынып отыр.

Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ, Қарағанды облысы

Облыста иппотерапия жобасына ерекше көңіл бөлініп отыр. 20 мамырдан бастап Теміртаудағы этноауыл базасында атқа міну сабақтары басталады. Ал Балқаш пен Қарағанды қалаларында бұл жобалар бір ай шамасында іске қосылады.

Жалпы, биыл облыста 18 жас-тан асқан психоневрологиялық науқастарға күндізгі стационар ашылады. Қазір жұмыс істеп тұрған күндізгі стационар арнайы әлеуметтік қызмет көрсету орталығының базасында орналасқан. Стационар 12 орынға шақталған. Ал тағы да 20 орын қажет. Ескі базаны кеңейту мүмкін болмағандықтан, жаңасын ашу туралы шешім қабылданды. Жаңа нысан бойынша құжаттар дайындалып, оны жыл

соңына дейін іске қосу жоспарланып отыр.

«Батыл жүрек» қайырымдылық қорының тең құрылтайшысы Оксана Югайдың айтуынша, ақыл-есі бұзылған балаларға жеке мектеп ашу қажет. Қазір облыста бұл мәселені шешу бойынша екі нұсқа қарастырылып отыр. Білім басқармасының басшысы Гүлбақыт Жүнісованың сөзіне сүйенсек, жақын уақытта осы екі шешімнің бірі таңдалады.

– Бұл мәселе бойынша №1 мектеп-интернат базасында төрт арнайы сынып ашу немесе Пришахтинскіде №4 мектеп-интернат базасында толыққанды мектеп ұйымдастыру қаралып отыр. Сондай-ақ биыл Бұқар жырау ауданында түзету кабинеті, Теміртауда ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсететін екі кабинет ашылады, – дейді Гүлбақыт Жүнісова.



Мүгедек балаларды спортқа бейімдеу мақсатында биыл Қарағанды, Шахтинск қалалары мен Абай, Қарқаралы аудандарында 45 бейімделген спорт алаңы орнатылады. Былтыр небәрі екі бейімделген спорт алаңы қойылған еді. Ал «Лучик надежды» қорының жетекшісі Татьяна Кравченконың айтуынша, спорттық сабақтар тізімін кеңейту қажет.

– Үлкен шығынды қажет етпейтін қолжетімді спорт түрлері бар. Мысалы, асық ату, бес асық және басқа да үстел ойындары. Бұл ерекше балаларға ұлттық спорт түрлерімен айналысуға мүмкіндік береді, – дейді қор басшысы.

Облыста спорт секцияларына қатысатын балаларды көбейту бойынша жұмыс жүріп жатыр. Яғни, мемлекеттік тапсырыс аясында жүзу, жеңіл атлетика, үстел теннисі,

дойбы, шахмат, футбол, ролик тебу, бочча, тоғызқұмалақ және басқа да спорт түрлері бойынша қосымша 433 баланы тарту жоспары бар.

Сонымен қатар мүгедек жасөспірімдерді жұмыспен қамту мәселесі аймақтағы атқарушы органдардың күн тәртібіндегі мәселелердің бірі. Бұл тұрғыдан келгенде жұмыс берушілердің белсенділігі қажет. Себебі көбіне олар мүгедектерді жұмысқа алудан бас тартады. Сондықтан қоғамдық ұйымдар балалардың тәжірибе жинауы үшін транзиттік жұмысқа орналасатын бейімделу алаңдарын құруды ұсынып отыр.

Сонымен қатар облыста өңір тұрғындарын мүгедектігі бар адамдармен қарым-қатынас құруға үйрететін дәрістер өткізілмек. Яғни, курс тыңдаушылары ерекше қажеттіліктері бар адамдармен сезімде-

рін қорламай, әдепті қарым-қатынас құра отырып сөйлесуді үйренеді. Бұл курсты Ten Qogam мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік бейімдеу орталығы қолға алды.

– Курстың негізгі мақсаты – ерекше қажеттіліктері бар адамдармен әдепті қарым-қатынас жасауға үйрету. Бізде кейбір адамдар, мысалы, арбадағы адамға көмектескісі келіп, арбаны, шынтақ астын және тағы басқа жерлерінен ұстап, бірден итере бастайды. Бірақ мүгедектер арбасы – бұл жай ғана қозғалыс құралы емес, адамның ажырамас бөлігі, қажеттілік. Сондықтан ең дұрысы – жақындап келіп: «Сізге көмек керек пе?» деп сұраған жөн. Егер адам шынымен де оған мұқтаж болса, көмектескен қажет, – дейді орталық жетекшісі Нияз Сүндәтәлиев.

Курс бір жарым сағатқа есептелген. Токсанына бір рет өтеді. Осы уақыт ішінде тыңдаушылар арбамен жүретін, зағип, нашар еститін және саңырау адамдармен, сондай-ақ психикасы бұзылған адамдармен сөйлесу, көмектесу жолдарын меңгереді.

Бұдан бөлек, мүгедектігі бар адамдардың біліктілігін көтеру, білімін жетілдіру бойынша жұмыстар жалғаса бермек. Мәселен, қазір облыс орталығында «ІС бағдарламашы» мамандығын оқыту курстарына мүгедектігі бар адамдарды және оларға күтім жасайтын азаматтардың өтінішін қабылдау жүріп жатыр.

КӨКЕЙКЕСТІ

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Биыл «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында елімізде еңбек адамының беделін көтеру, кәсіби білікті кадрларды дәріптеу, нарыққа қажет мамандарды насихаттау бағытында біршама жұмыс атқарылып жатыр.

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ЕҢСЕСІ БИІК ПЕ?

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, қазіргі таңда Ұлттық кәсіби классификаторда (ҰКК) 1274 мамандық тобы және 12 185 мамандық пен қызмет түрі тіркелген екен.

Ұлттық статистика бюросы бытыр елімізде еңбекке қабілетті шамамен 9,6 млн адам бар деген статистика ұсынды. Соның ішінде қазіргі уақытта 2 млн 300 мың адам жұмысшы мамандығы бойынша жұмыс істейді. Олар – негізінен экономиканың өндірістік қуатын арттырушы басты күш. Сондықтан олардың заманауи еңбек дағдыларын, кәсіби біліктілігі мен интеллектуалдық әлеуетін, цифрлық сауаттылықты және жеке құзыреттілік деңгейін үздіксіз жетілдіріп отыру заман талабы саналады. Бұл алдымен елдегі адам капиталын дамыту, еңбек өнімділігінің арттыру үшін қажет.

Ал еңбек өнімділігінің артуы үшін мемлекет еңбек адамының әлеуметтік қорғалуы мен өмір сүру сапасының жақсаруы бағытында да бірқатар әлеуметтік жобаны жүзеге асырып жатыр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы халық алдындағы әлеуметтік міндеттемелерді орындау үшін 6 трлн 108 млрд теңгеден астам қаржы көзделген, алушылар саны – шамамен 5 миллионға жуық адам. Республикалық бюджеттен бөлінетін бұл қаржы 42 түрлі әлеуметтік төлемді қамтиды, бұл 2024 жылғы шығыстардан 14 пайызға немесе 748,7 млрд теңгеге артық.

Дегенмен әлеуметтік төлемдер көбіне әлеуметтік осал топтарға беріледі де, көбіне жұмыс істейтін еңбек адамының өмір сүру сапасы, әлеуметтік-тұрмыстық туралы айтыла бермейді. Әлеуметтік салаға бөлінетін бюджет қаржысы жыл сайын еселеп артқанымен, елдегі әлеуметтік проблемалар әлі де шешімін таппай, күрделене түскен. Ұлттық статистика бюросы ұсынған дерекке сүйенсек, 2024 жылдың II тоқсанында табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен халықтың үлесі (кедейлік деңгейі) 5,1% құрады. Сәйкесінше, 1 млн-нан астам адамның табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен аз және 1 млн-нан астам қазақстандық баспана мен азық-түлік алуға айлық табысынан 2 есе артық қаражат жұмсап отыр.

Қаржы сарапшысы Гүлнұр Нұрланқызы ел халқының табысы ішіп-жемнен аспай отырғанын, қаржылық жағдайы аса мез емес екенін, 2,9 млн адам кедейлік шегінде өмір сүріп жатқанын айтты.

– Зерттеуге сәйкес, Қазақстанда халықтың кедейлік шегінде



өмір сүріп жатса, Дүниежүзілік банктің сараптамасына қарасак, 14,6% қазақстандық кедейлікте өмір сүріп жатыр. Бұл – 2,9 млн адам. Қазақстанның ішкі есептеуі мен Дүниежүзілік банктің есептеуінде неге мұндай айырмашылық бар? Өйткені Қазақстан 30 мың теңгеден төмен табысы бар, яғни ең төменгі күнкөріс деңгейінде бекітілген соманың 70%-ынан төмен табысы барларды санаса, ал Дүниежүзілік банк 150 доллардан төмен табысы бар, яғни 73 мың теңгеден төмен табысы барлардың барлығын осы санатқа жатқызды, осы себептен Дүниежүзілік банк 14,6%-ды көрсетіп отыр, – деді Г.Нұрланқызы.

Әлеуметтанушылар арасында «халық тапқанын азық-түлік сатып алуға ғана жұмсап отыр, кедей екенімізді Үкімет мойындамай отыр» деп жиі айтылады, бірақ нақты әлеуметтік зерттеулер кездеспейді. Біз «Қазақстанда жұмыс істейтін кедейлер мәселесі бар ма?» деп сұрағанымызда, Мәжіліс депутаты Мақсат Толықбай: «Әлі күнге дейін кедейлер саны 10 жыл бұрын қандай болса, (4,5 пайыз болса) әлі де сол көрсеткіш сақталып тұр. Өйткені біздегі статистиканың өзі өтірік. Кеше ғана медицина сақтандыру қорына тіркеле алмай, ақша аударып отырған 3,5 млн адам бар екені анықталды, яғни ол қайдан шықты?» – деді.

Депутаттың айтуынша, біз әлеуметтік мемлекеттіз, бізде жиналған бүкіл салықтың жартысы шәкіртақыға, айлыққа, әлеуметтік төлемдерге кетіп жатыр.

– Ішкі жалпы өнім көбейгенімен, халықтың күнделікті тіршілігінде, өмір сүруінде әлі сезілмей жатыр. Оның себебі – қымбатшылық, қымбатшылықты тоқтата алмаймыз, біздегі үлкен мәселе – халықтың табысын көтеру керек, – деді ол.

Осы орайда «Елдегі ең төменгі жалақы қазіргі өмір сүру деңгейіне сай ма?» деген сұрақ туындайды.

Адамдар кедейлік шегінен шыға алмайтын екі шұңқыр бар. Біріншісі – азық-түліктің, екіншісі – коммуналдық төлемдердің қымбаттауы. Баға өскен сайын адамдардың тапқан табысы өзінің тұрмыстық минимумын өтеуге жетпей қалады.

– Бізде төменгі жалақы – 85 мың теңге, бұл өмір сүру деңгейіне сай деп айта алмаймыз. Бірақ бұл 85 мың – кәсіпкерлерге қойылатын ең төменгі бір шек. Яғни, осыдан төмен жалақы төлемейсің деген нақты мәселе. Бюджет немесе коммерциялық ұйымдар болсын, бұл дәстүр дүниежүзінде бар.

Егер бір адамның біздегі ең төменгі тұтыну себеті айына 50 мың теңге десек, отбасында бір адам жұмыс істейтін болса, әрине, ол мұқтаж отбасы екені анықталады. Сондықтан әлеуметтік жәрдемақы беріледі. Ал егер отбасында 2-3 адам жұмыс істейтін болса, 4-5 адамға күнкөріс себеті 50 мыңнан жоғары саналады да, бұл отбасы әр жұмысшы 85 мыңнан айлық алғанның өзінде кедей деп есептелмейді, – деді экономист Сапарбай Жубаев.

ЕҢБЕК БАҒАЛАНСА ҚҰНДЫ

Біздіңше, жұмысшы мамандықтар жылында назар аударылуға тиіс мәселе бар болатын болса, ол экономиканың өндірістік қуатын арттырушы негізгі күш саналатын еңбек адамының өмір сүру сапасы қандай, олардың әлеуметтік-тұрмыстық қорғалуы, денсаулығы туралы сөз қозғалып жатыр ма, еңбек адамының еңсесі биік пе деген мәселе болуға тиіс еді. Ал айда биылғы Жұмысшы мамандықтары жылында «Еңбектің наны тәтті» деп қажымай-талмай, дамылсыз адал жұмыс істеп жүрген еңбек адамының әлеуметтік-тұрмысы қандай, денсаулығы қорғал-

ған ба, отбасы, балалары қаншалықты заман талабына сай өмір сүріп жатыр деген мәселелер төңірегінде сөз қозғалып жатқан жоқ.

Сарапшы Айбар Олжаевтың ойынша, «Жұмысшы мамандықтары жылы» дегенімізбен, нақты еңбек адамының портретін жалпы қоғам дұрыс түсіне алмады.

– Жұмысшы мамандықты тек қана жарнамалап, мамандыққа жастар келетіндей қылып жасау керек пе, әлде еңбек адамын дәріптеу керек пе немесе нақты еңбек адамының өмір сүру шартын жақсартуымыз керек пе? Егер еңбек адамының өмір сапасын

дурасынан өткізіп, қарыздарын жапқызып, оңалтып, ары қарай оның тұтыну себеті қандай, табысы соған сай келе ме – осының бәрін есептеп, белгілі бір адресстер арқылы адамды құтқарып жіберуге болады, – деді сарапшы.

Экономист Сапарбай Жобаевтың кедейлікпен күрес мәселесіндегі пікірі сәл басқаша өрбіді. Оның айтуынша, қазіргі күні қазақ тым ысырапшыл, тойшыл, үнемдеу дегенді мүлдем ұмытқан.

– Бүгінде жұмысшы санаты басқаша қаралады, әркім нарық заманында өзі үшін әрекет жасайды делінеді. Халықтың табысы тамағына жетпей жатса, өте оңай берілетін каспийред, микроқаржы ұйымдардан оңай онлайн кредит алып оны төлей алмаумен байланысты. Бірақ кейбір кездерде табысы барлардың өздері де ысырапшылдыққа жол беріп, тыраштансып, қолынан келмейтін той несиеге керек емес нәрселер алу оқиғасы кездеседі. Осы ысырапшылдық мәселесін көбірек теледидардан дін өкілдері, түсіндіріп, несиеге кірмеу, үнемдеу, Абай атамыз айтқандай, «бекер мал шашпауға әрекет жасау» мәселесі насихатталуы, дәріптелуі керек, – деді экономист.

Ал Мәжіліс депутаты Ерлан Саиров елдегі саяси реформалардың ең негізгі түпкі мақсаты – халықтың әлеуметтік деңгейін көтеру деп түсіндірді.

– Әлеуметтік деңгейді көтеру үшін бізге экономикалық реформалар жасау керек. Қазақстанның экономикасының негізгі проблемасы – бізде байлық жетеді, сол байлықты үлестірудің мәселесі бар. Яғни, мемлекет байлығы тең бөлінбейді. Қазіргі салық кодексінің логикасының өзі, сол олигархтардың салықтан жалтаруын болдырмау, міне осы реформадан кейін бізге жаңа өндірістік саясат реформасы керек. Өндірістік саясат реформасының негізгі өзегі біз шетелге шикізатты емес, дайын өнімді шығаратын елге айналуымыз керек. Сол кезде халықтың әлеуметтік жағдайы тұзелетін болады, – деді Ерлан Саиров.

Сондай-ақ депутат елде жұмыс істейтін кедейлер мәселесі бар екенін, ол бюджеттің мәселесіне байланысты екенін айтты.

– Қазір бюджетте дефицит. Егер бюджеттің өсімі артатын болса, онда бұл мәселелердің барлығы шешіледі. Жұмыс істейтін, істемейтін кедейлердің барлығының артында тұрған мәселе еліміздегі ұлттық байлықтың әділетті түрде бөлінбеуі, егер ұлттық байлық әділетті түрде бөлінетін болса, онда кедейліктен арылатын боламыз. Біздің бүкіл жұмысымыз соған бағытталған, – деді ол.

P.S.

Қазақстанда жұмыс істейтін кедейлер мәселесі бар. Бірақ ол мойындалмайды және елдегі кедейлік шегін есептеуде еліміз Дүниежүзілік банк есебімен емес, мемлекеттің ішкі есептеуі бойынша анықтайды. Сондай-ақ мемлекет нақты жеке адамның неге кедей екенін анықтағаннан гөрі, жалпылама әлеуметтік осал топтың материалдық мәселелерін көбірек қарастырады және ұлттық байлықтың әділетті бөлінуінде кедергілер бар.

КӨКЖИЕК

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Вениамин Скаленконың есімі оралдықтар үшін жақсы таныс. Ол 98-і гвардиялық Вәуе десантшылары қатарында ерлік көрсеткен. Соғыс жылдарында Украина, Польша, Венгрия, Аустралия даласында жанкештілікпен жауға қарсы қызмет атқарған. Ардагер былтыр қазан айында 100-ге толды. Ғасыр жасаған қария әлі де тың. Облыстың барлық қоғамдық өміріне араласып, жастарға ерлік сабақтарын өткізіп жүр. Ардагердің жады да мықты. Соғыс жылдарындағы әр оқиғаны күні кешегідей біледі.



ҒАСЫР ЖАСАҒАН АРДАГЕР

А Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА,
Батыс Қазақстан облысы

Вениамин Скаленко 1924 жылы Бөрлі ауданында дүниеге келген. Бозбала шағынан ерте еңбекке араласып, шөп шабу жұмыстарына тартылыпты. Бозбаланың жасы 18-ге толмай жатып сол пішен даласынан соғысқа аттанып кеткен.

— Мен соғыс туралы алғаш хабарды сол пішен орып жүріп бригадирден естідім. Өз еркіммен сұранып, соғысқа аттандым. Өте жас болдым ғой. Анам шығарып салып тұрып «Бізді ұятқа қалдырма, жауды аяма, алға шығып кетпе, артта да қалма» деп батасын беріп еді, — деп есіне алады қария сол күнді.

Соғыс сол кездегі ұрпақты ерте есейтіп жіберді. Жасы 15-16-дағы бозбалалар ерте ересек өмірге араласып кетті. Соғысқа аттанды, елде қалғандары тылда еңбек етті.

Біздің кейіпкеріміз 98-і гвардиялық әуе десантшылары қатарында болып Олонец, Венгрияның Варпалота қаласын, Будапешт, Аустрияның астанасы Венаны, Чехословакияның қалаларын жаудан азат етуге атсалысқан. Атқыштар дивизиясы қатарында десантшы болып ерлік көрсеткен Вениамин Ска-



үнемі айтамын, жастар оқып білім алса екен, ізденсе екен деймін. Біз бәріміз де бір ананың ұрпағымыз. Бізді көтеріп жүрген — Жер-Ана. Ұлт пен жынысқа қарамай, осы Жер-Ананың келешегі үшін еңбек ете беруіміз керек. Жер-Ана енді соғыстың дүмпірін естімесін деймін. Басқа тілегім жоқ, — дейді бізбен тілдескен қария.

Вениамин Скаленко мен жары Ксения екеуі Орал қаласында тұрады. Ақсақал 100 жаста, ал жары Ксения анамыз — 95 жаста. Екеуі

Біз не істемедік. Бізді сол кезде үлкендер соғыста жүрген жауынгерлерге арнап киім тігіп жатырмыз, олар елді жаудан азат етуге кетті» деп жұбатып жұмсайтын еді. Сол сөз бізге дем беретін еді. Тынбай еңбек еттік. Қазір, міне 95-ке келдім. Немере-шөбере сүйіп отырмын. Соларды күтіп аламын, шығарып саламын. Аталарыңның күтімін қараймын. Мен оны қатты еркелетемін. Дәмді тамақ дайындап беремін. Ол менің өмірдегі жалғыз тірегім ғой, — дейді соғыс ардагерінің жары Ксения Скаленко.

Ксения анамыз да тың, үйдегі бар шаруаны өзі істейді. Екі қария да ұзақ жасаудың әрі әдемі картаудың құпиясын айтты.

— Біз қол еңбегін жасаған буынбыз ғой, сүйегіміз қатты, денеміз шыныққан. Соның арқасы шығар, әлі шауып жүрміз, — деп күледі қос қария.

Женістің 80 жылдығы қарсаңында ардагердің үйіне баратын қонақ қарасы да көбейеді. Солардың бәрін Ксения анамыз өзі күтіп алып, өзі шығарып салады.

Женіс күні соғыс ардагерлері үшін ерекше мейрам. Олар бір-бірін



ленко «Ерлігі үшін» медалін алған. Ардагер өмірінде көп награда алған адам. Бірақ ең ыстығы Германия түбінде жеңісті жариялағаннан кейінгі алған медалі еді.

Женіске 9 мамыр күні қол жеткізгенімен, 98-атқыштар дивизиясы үшін соғыс 12 мамыр күні аяқталған.

— Біз үшін соғыс 12 мамыр күні аяқталды. 9 мамырды біз естідік. Бірақ біздің атқыштар дивизиясы ол кезде әлі жаумен алысып жатқан кезіміз еді. Шындығында, біз үшін жеңіс 12 мамыр күні Чехословакияны азат еткеннен кейін ғана жарияланды. Біз сол күні соғыс аяқталды деп қуандық, — деп есіне алады ҰОС-ның ардагері Вениамин Скаленко.

Вениамин Скаленко елге тек 1947 жылы келген. Сол жылы жары Ксения Скаленконы жолықтырып, екеуі шаңырақ көтереді. Отбасында бір қыз, бір ұл тәрбиеленген. Қазір немере-шөберенің қызығын қызықтап отыр.

— Менің жалғыз ғана тілегім бар. Кейінгі ұрпақ соғыс көрмесін. Мен

Соғыс сол кездегі ұрпақты ерте есейтіп жіберді. Жасы 15-16-дағы бозбалалар ерте ересек өмірге араласып кетті. Соғысқа аттанды, елде қалғандары тылда еңбек етті.

жастармен жиі кездеседі, қоғам өміріне белсенді араласады.

Ардагердің жары Ксения Скаленко Украинадан көшіп келген. Ол тылда көп жыл еңбек еткен. Жастайынан еңбекке араласқан Ксения Скаленко «ол күндерді еске алу да ауыр» дейді.

— Соғыс дүрбелені тиген отбасы жоқ шығар. Біздің буын, бізден кейінгі буын да соғыстың зардабын тарттық. Әкемді жастай соғысқа алып кетті. Анамызбен өзіміз қалдық. Біз сол жауынгерлерге арнап киім тоқитынбыз. Пішенге шығатынбыз, орақ орауға отырғызатын еді. Спыр саудық, ешкі де саудық.

іздеп, осы күні көрісіп, мәре-сәре болатын кез.

— Мен Женіс күнінде, басқа мерекелерде де соғыс ардагерлерін түгел аралап шығамын. Құттықтаймын. Амандасып, хал сұрасып көңіл бөлемін. Қазір бізге көңілден басқа ештеңе керек емес қой, — дейді соғыс ардагері Вениамин Скаленко.

Быыл Женістің 80 жылдығы елімізде кең көлемде атап өтіледі. БҚО-да қазір тек сегіз ардагер қалған. Ардагерлердің бәрі де 5 млн теңгелік бірреттік әлеуметтік мемекті толық алып болды. Облыста Женістің 80 жылдығына дайындық қызу жүріп жатыр.



ДЕРЕКТІ ФОТОАЛЬБОМ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде Философия және саясаттану факультеті философия кафедрасының аға оқытушысы, PhD, белгілі журналист, фотожурналист Досжан Балабекұлының «Алатауды аралағанда...» фотоальбомының тұсаукесері өтті. Кітап «Дарын» баспасынан жарық көрді.

Бұл туындыға автор Досжан Балабекұлының 12 жылдан аса түсірген фотосуреттері еніп отыр. Қазақ тіршілігі дала табиғатымен де, тау табиғатымен де үндесіп жатыр. Оны қыс қыстауындағы, жаз жайлауындағы тіршілікпен байланыстырсақ та болады. Қазақ дүниетанымында таудың орны ерекше болған. Досжан Балабекұлы соны фотография тілімен суреттейді. Автордың айтуынша, бұл жоба осыдан 8 жыл бұрын «Айкын» газетінде жұмыс істеп жүрген кезде пайда болған. Марқұм журналист Жолдасбек Дуанабай кітаптың атауын да өзі ұсынып кеткен екен.

— «Алатауды аралағанда...» деп аталатын бұл фотоальбомның негізінде құндылық ретіндегі ақпараттық эстетикалық таным көрініс табады. Табиғаттағы әсемдікті шындық, өнер, ғылым тұрғысынан сипаттауда осы еңбекті назарларыңызға ұсынып отырмыз. Өйткені бұл географиялық фотодеректерден тұратын фотосуреттер оқырман танымын кеңейтіп, әсемдікке, жаратылысқа деген сұлулықты түсініп, оны қорғауға үндейді. Бұл еңбек жылдар бойы Алматы мен Жетісу облыстарының таулы аймақтарында болған сапарлардан жиналған фотосуреттерді құрайды. Оның ішінде Төтенше жағдайлар министрлігіне қарасты «Қазселденқорғау», Экология және табиғи ресурстар министрлігіне қарасты «Қазавиаорманқорғау» мекемелерінің ұйымдастыруымен өткізген аэровизуал бақылаулар мен National Geographic Qazaqstan журналы мен «Фотоөнер» қоғамдық бірлестігінің жүргізген фотоэкспедицияларының эксклюзив фотосуреттер де еніп отыр», — деп таныстырды кітабын автор Досжан Балабекұлы.



Тұсаукесер рәсімінде сөз алған философия кафедрасының меңгерушісі Әсет Құранбек фотография мен философияның өзара байланысын айта келе, кітаптың мазмұнына ерекше тоқталды.

— Автор осы жинағын әзірлеу үшін түрлі экспедицияға аттанды. Іле, Күнгей, Теріскей, Жетісу, Талас Алатауынан бастап Алтай тауларына дейінгі аралықтағы таулы аймақтың бейнесін фотоға түсірді. Фотолар тек көркемдік тұрғыдан емес, ақпараттық, деректік мәнісімен де маңызды. Өйткені бірқатар фотосы әлі де біз үшін жұмбақ, ешқандай медиааландардан көрмеген таулы мұздықтар мен мореналық көлдерді көрсетеді. Сонымен қатар автор осы арқылы мұздықтардың еруі, су ресурстары мәселелеріне назар аудартқысы да келеді. Досжан Балабекұлының магистрлік тақырыбы медиакөрсеткіштегі ұлттық жағрафия болса, докторлық диссертациясы ақпараттық кеңістіктің әлеуметтік-философиялық мәселелеріне талдау жасайды. Жас ғалымның бұл жолғы шығармашылық ізденісі де осы ғылыми жолды тағы жалғастырады, — деп атап өтті.

Автор болашақта табиғаттың басқа да әртүрлі құбылысына арналған жаңа фотожобалар әзірлеуді жоспарлап отыр.

Мейір ЖАСЫН

ДАУА

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Сәуір айында бүкіл әлем халқы World Hemophilia Day – Дүниежүзілік гемофилия күні аясында әртүрлі танымдық және ақпараттық іс-шара ұйымдастырады. Бұл күн 1989 жылы алғаш рет Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мен Дүниежүзілік гемофилия федерациясының бас-тамасымен белгіленген. Содан бері жыл сайын 17 сәуірде атап өтілетін бұл маңызды дата аясында сәуір бойы тұқым қуалайтын гемофилия дерті жайлы кеңінен ақпарат тарату, қоғам назарын аурумен күрес жолдарына аудару көзделеді.



СИРЕК


ДЕРТТІН

СЫРЫ

Айдана НҰРМҰХАН

Алматыда Дүниежүзілік гемофилия күні аясында «Үрейден – үмітке, күмәннен сенімге кадам» атты баспасөз конференциясы өтті. Шараны гемофилия саласындағы жетекші сарапшының қолдауымен «Такеда Қазақстан» фармацевтикалық компаниясы ұйымдастырды. Негізгі мақсат – халықтың, бастапқы буын дәрігерлердің, науқастардың және олардың қамқоршыларының сирек кездесетін сырқат жайлы, сондай-ақ заманауи диагностика мен емдеу әдістері туралы хабардарлығын арттыру.

Гемофилия – қанның үю процесінің бұзылысы, дүниежүзінде шамамен он мың адамның біреуі осы дертке шалдыққан. Денсаулық сақтау министрлігінің былтырғы статистикалық мәліметіне сүйенсек, елімізде гемофилиямен ауыратын 1 559 науқас тіркелген, олардың 678-і – балалар. Гемофилия – сирек



гематологі Ұлжалғас Өскенбаева бұл орайда терапияның тиімділігіне зер салу керігін айтады.

«Көптеген жыл бойы уақытылы диагностика және алмастыру терапиясының заманауи әдістері гемофилиямен ауыратын адамдардың тағдырын қалай өзгертетінін көріп келе жатырмын. Осыдан бірнеше онжылдық бұрын ғана науқастар балалық шағында-ақ ауыр асқынуға жиі тап болатын. Өйткені бұл ауру



Алматы қаласының штаттан тыс бас балалар гематологі Ұлжалғас Өскенбаева бұл орайда терапияның тиімділігіне зер салу керігін айтады.



тиімді екенін біле аламыз. Сол себепті науқас гематолог дәрігерге үнемі барып тұруы қажет. Ауыр гемофилиясы бар және үнемі алдын алу емін алып жүрген науқастар жылына кемінде 4 рет гематологке қаралуы керек. Басқа науқастар үшін – дәрігерге жылына 1-2 рет бару жеткілікті. Бұл шаралар гемофилиямен ауыратын адамдардың өмір сапасын жақсартуға көмектеседі», – дейді дәрігер.

Конференция барысында сарапшылар гемофилияның бірқатар проблемаларын талқыға салды. Мамандардың пікірінше, гемофилияның ауыр салдарына себеп болатын басты себептердің бірі – науқастар, олардың қамқоршылары және жалпы халық арасында осы аурудың ерекшеліктері туралы білімнің жеткіліксіздігі.

Гематолог Ұлжалғас Өскенбаеваның айтуынша, науқастар мен олардың отбасы әлеуметтік шеттетуден, қоғам

немесе жақындары сырқаттың ерекшелігін түсінбейді деп қорқады және шын өмірде бұл проблемаға жиі тап болып жатады.

«Қоғамда гемофилия науқастан сау адамға берілуі мүмкін деген жаңсақ пікір кең тараған, соның салдарынан стигма және әлеуметтенудегі кедергілер күшейе түседі. Сондай-ақ гемофилиямен ауыратын науқастар болмашы жарақаттың өзінен ауыр, тіпті өмірге қауіп төндіретін қан кетуі мүмкін деп жиі қорқады. Бұл да білімнің жеткіліксіздігі. Сонымен қатар науқастар жарақаттанып қалмас үшін көбіне белсенділігін шектеп, өте сақ өмір сүруге тырысады. Бүгінде гемофилиямен ауыратын науқастардың өмірінде спорттың маңызды рөл атқаратыны дәлелденген. Жүзу, жаяу жүру, бадминтон, садақ ату, велосипед тебу, ескек есу, үстел теннисі сияқты дұрыс таңдалған жанаспайтын спорт түрлері бұлшық еттерді нығайтып, дене бітімін жақсартады және қан кету қаупін азайтады», – дейді дәрігер.

Гемофилияға шалдыққан науқастың буындары мен басқа мүшелеріне жиі қан кетуінен созылмалы ауырысуы сезімі туады, бұл мүгедектік қаупін арттырып, шұғыл медициналық көмек көрсетуге үнемі дайын болуды талап етеді. Сондықтан сирек кездесетін гинетикалық сырқатқа сақ болудың тағы бір тетігі – кешенді емдеу тәсілі.

№2 балалар қалалық клиникалық ауруханасының балалар гематологиясы бөлімінің меңгерушісі Ұлжалғас Айтжанқызының айтуынша, гемофилия мультидисциплинарлық тәсілді қажет етеді, яғни гематологтер, жалпы тәжірибелік дәрігерлер, педиатрлар және тар бейінді мамандар дер кезінде диагноз қоюды, әр науқастың өмір салтын, қалауын және қажеттіліктерін ескере отырып, жеке емдеу жоспарын әзірлеуді және оны жүйелі түрде қайта қарауды қамтамасыз ету үшін бір-бірімен тығыз жұмыс істейді.

«Бұл орайда науқастар мен олардың қамқоршылары қан

кету қаупін азайту үшін тағайындалған терапияға «адал» болудың маңызын түсінуге тиіс. Қазіргі уақытта гемофилиямен ауыратын науқасты тиімді емдеудің негізі – ағзада жетіспейтін қан ұйыту факторын дәрі-дәрмек арқылы тұрақты түрде толықтырып отыру. Бұл орайда науқастардың терапияны ұстануға деген құлшынысы аса маңызды. Әрине, бұл жағдай пациенттің жасы, гемофилия жайлы хабардарлық деңгейі, диагностика мен емдеу әдістері, отбасының қолдауы сияқты әртүрлі факторларға байланысты әртүрлі болады. Мәселен, ата-анасы емдеу процесіне белсенді қатысып, бақылап отырса, терапияны бұлжытпай орындау ықтималы жоғары. Ал жастар тәуелсіз өмір сүруге, көшуге, оқуға немесе жұмыс істеуіне байланысты емдеу режимін сақтауда қиындықтарға тап болуы мүмкін. Ересектер тұрақтырақ, салауатты өмір салтын ұстану, емдеу режимін сақтаудың маңызын жақсырақ ұғынады. Дегенмен созылмалы ауру, депрессия, стресске байланысты басқа да мәселелер туындауы ықтимал», – дейді гематолог.

Конференцияға «Такеда Қазақстан» компаниясы гемофилиямен күресте белсенді ақпараттандыру шараларын жүргізіп келеді. Компанияның әлеуметтік жауапкершілік аясындағы маңызды бастамаларының бірі – былтыр «Әли және оның ішкі әлемі» ертегісін жарыққа шығарған. Бұл аңызда гемофилиямен ауыратын баланың хикаясы баяндалады. Шығарманың бас кейіпкері сирек кездесетін сырқаттың түсінуге, қорқынышын жеңуге және жақындарының қолдауын қабылдауға үйрену кезінде шытырман оқиғалары мен ішкі толғанысынан сыр шертеді. «Әли және оның ішкі әлемі» ертегісі гемофилиямен ауыратын науқасқа, әсіресе балаларға қиындыққа мойымай, үрейден – үмітке, күмәннен сенімге кадам басу керігін үйретеді.

«Инновациялық препараттар жасап шығару «Такеда Қазақстан» компаниясының миссиясының бір бөлігі ғана. Біз медициналық шешімдерді ғана емес, сонымен қатар дәрігерлерге арналған білім беру бағдарламаларын, цифрлық құралдарды дамытуды, сонымен қатар науқастардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған әлеуметтік бастамаларды қамтитын кешенді қолдау жүйесін құруға ұмтыламыз. Біз кешенді тәсіл – денсаулық сақтау саласындағы ең күрделі міндеттерді шешудің кілті деп санаймыз. Қоғаммен тығыз жұмыс істеудің арқасында гемофилиямен ауыратын адамдарға қорқынышты ұмытып, болашаққа сеніммен қарауға көмектесетін тиімді стратегияларды жасап шығара аламыз», – деп атап өтті «Такеда Қазақстан» ЖШС директоры Михаил Владимиров.



кездесетін генетикалық ауру, асқыну салдары ауыр, мүгедектік пен өлімге әкеледі. Сол үшін уақытылы емдеу және тұрақты алмастыру терапиясы қажет.

Медицинадағы жетістіктер науқастардың толыққанды өмір сүруіне жол ашып жатыр. Заманауи диагностика мен терапия әдістері қан кетуді бақылауда ұстауға және асқыну қаупін мейлінше азайтуға мүмкіндік береді. Соның арқасында гемофилияның ауыр түрімен ауыратын науқастардың өмір сүру жасын 75-77 жасқа дейін ұзартуға мүмкіндік бар.

Алматы қаласының штаттан тыс бас балалар

ерте балалық шақта анықталады, сол себепті әрбір науқасқа басынан дұрыс емдеу тәсілі таңдалып, оның тиімділігін қадағалап отыру маңызды. Мәселен, бір жылда екі реттен көп буындарға өздігінен қан құйылса, буындарда ұзаққа созылатын қабыну белгілері пайда болса және басқа дене бөліктерінде өздігінен қатты қан кетулер анықталса, емдеу жоспарын қайта қарау керек. Дәрі егілмей тұрып қанда ұйыту факторы қаншалықты сақталғанын немесе ағзада дәріге қарсы тұратын ингибитордың пайда болғанын тексеру арқылы терапияның қаншалықты

«Күлкінің жеңбейтін
дұшпаны жоқ».

Бауыржан Момышұлы

«АРА» — ара болады,
шаққан жері жара болады».

Оспанхан Әубәкіров

«Күле білу — өмір,
күлдіре білу — өнер,
күлкі болу — өлім».

Сейіт Ненжеахметұлы

АРА



26.04.2025 ж.

«Айқынның»
сатиралық қосымшасы

Әдебиеттің ең өткір, ең өзекті сатира жанры – ащы мысқыл арқылы сананы селт еткізетін қуатты құрал. Сатира – тек күлкі емес, ол – сын, терең ой мен шынайы шеберліктің қосындысы. Ал сатирик болса, қоғамның тамырын дөп басып, ел ішіндегі кемшілікті көркем тілмен әшкерелейтін сөз зергері. Олар қаламын ұштап, кейіпкерлері арқылы бүгінгі тіршіліктің көлеңкелі тұстарын күлкімен түйрейді. Осындай сатириктердің бірі Қанағат Әбілқайырмен сұхбаттасқан едік. Әңгіме бүгінгі қазақ сатирасының жай-күйі, кірпияз өнердегі терең толғаныстары төңірегінде өрбіді.

– Қанағат мырза, қазақ сатирасының тамыры тереңде. Бұл жанрда Т.Қожекеев, Ғ.Қабышұлы, одан беріде К.Әмірбек, Т.Әлімбекұлы сияқты тағы бірқатар сатириктердің орны бөлек. Өзіңіз де осы сарындағы сатираның бүгінгі өкілісіз ғой, кімге шәкірт болдыңыз?

– Сатира деп айдар тағып, үкілеу беріде пайда болды ғой. Қазақ сатираның барлық элементтері о бастан бар. Нағашы мен жиеннің, жезде мен балдыздың, құрдастардың өзін-қалжыңының бәрінің өзегінде тәтті юмор, ащы шымшыма, астарлы қалжың, жанама емеурін жатыр. Кешегі Алаш ардақтыларының туындылары да табиғатымызға тұтасқан осы сарказммен әдіптелген. Сондықтан бұл жанр бізге сырттан келген жоқ, өзіміздің төл дүние деуге әбден болады. Ал беріде Оспанхан Әубәкіров тыннан жол салғаны рас. Сол тұстағы ұзын тізім: Шона Смаханұлы, Садықбек Адамбеков, Үмбетбай Уайдин, Ғаббас Қабышұлы, одан кейінгі Көпен Әмірбек, Толымбек Әлімбектер қазақ сатирасына бір-бір уық болып қадалды. Әрқайсысының өзіндік орны бар. Ал кімге шәкіртсіз дегенге келсек, мен жоғарыда аталған ата, ағаларымның бәріне жуығын оқығам. Аларымды алдым, үйренерімді үйрендім деп ойлаймын. Дегенмен мен – Тұрсынжан Шапайдың шәкіртімін. Ол кісі мені жақтырсын, жақтырмасын, мен сол кісінің етегіндемін.

– Сатира жанрының негізі қаланғаннан бері біраз буын алмасты, қоғам да, оқырман талғамы да басқа арнаға ауысып келеді. Кеше мен бүгінгі сатира арасындағы сабақтастық қалай жалғасып келеді? Не айтасыз?

– Сіздер тұлға іздейсіздер, кейіпкер іздейсіздер. Бұл журналистік әрекет деп сенем. Қоғам өзгереді, билік те өзгереді. Мазак өзгермейді. Ол үшін мазактың ішінде сұрапыл білім болуы керек. Билікті әркім мазактай алады, осы күні әркім тас лақтырады.

Оған билік жауап бере ме? Бермейді! Бірақ бізбен бірге тарих пен мазак қалады.

– «Қайыршының миллионер досы», «Дециллионердің он мың теңгесі», «Періштелер жоқ жерде» сияқты сатираларыңыздың тақырыбы жеңіл емес. Қарап отырсақ, жемқорлық тақырыбына негізделген шығармалар. Мұндай тақырыпты таңдауыңызға оқырман әсер ете ала ма? Ең алғашқы сатираның қалай жазылды?

– Оқырман әсер етпеу керек. Ешқашан сыртпен санаспауы қажет. Онда сен жазушы емес, диктофон боласың ғой. Мен әлемді жазу деп есептеген емеспін. Қалам да маған мағына бермейді. Ең бастысы, мен қалаған уақытта жазам.

Бүкіл көзі ашық жұрт сатирамен санасады. Ал біздің «кортықтар» өмір бойы сатирамен санасқан емес. Ең қызығы, поэзия ескерулі, неге екенін сатира ескерусіз қала береді. Бұл «мені ескеріндерші» деген жалынышты үн емес. Жанрды сыйламау! Қазір сахнадан қасиет кетті. Өзін жоғарыда айтқан авторлар бар, соны түйсікпен қабылдаған актерлер болды, сол кезде өмір мағыналы еді. Қазір бәрі қадірсіз! Келіспесе кездесейік!

Тұңғыш дүнием «Жас Алаш» газетіне шықты. Түпкі ой осы қоғамның жемқорлығы, сатқындығы еді. Одан бері отыз жыл өтті, ештеңе өзгерген жоқ. Бізге басшыны емес, ұлттық ішкі көңіл күйді өзгерту керек. Ішкі жұлын мықты болмай, өзгеден талап ету бекер!

– Қазір өндіріп жазып жүргендерден кімді айтар едіңіз?

– Осы сұраққа бір ғана жауап берер ем: Тұрсынжан Шапайға бар мүмкіндігін жасап, жазуға мүмкіндік беру.

– Әңгімеңізге рақмет!

Сұхбаттасқан
Сымбат БАУЫРЖАНҚЫЗЫ



Қанағат ӘБІЛҚАЙЫР,
жазушы, сатирик:

САТИРА ҚАЛА

Қанағат Әбілқайыр – өткір тіл, уытты ой, шығармашылығында шындық пен шеберлікті қатар ұштастырып, қоғамның келеңсіз құбылыстарын әжуамен сынау дәстүрін заманауи тұрғыдан жалғастырып келе жатқан сатирик. Оның «Періштелер жоқ жерде» атты сатиралық кітабы үздік сатираның қатарына енген. Жинаққа оқырманның ыстық ықыласына бөленген «Қайыршының миллиардер досы», «Періштелер жоқ жерде» шығармалары және әр жылдары жарық көрген сатиралық, лирикалық әңгімелері топтастырылды. Өткір тілді қаламгер әр туындысында қазіргі қоғамның әлеуметтік және моральдық мәселелерін кейіпкерлерінің сан қилы тағдыры арқылы шебер жеткізеді.

ШРЕКТІҢ ҚАЙЫН ЖҰРТЫ

Шректің тағдыры тым ауыр болды, табиғат оған түр-келбет те бермеді. Ол талай жерлерде көзге шыққан сүйелге ұқсап, ешкіммен араласа алмай сопайып оңаша отырды, басқаларға жұғыса алмай көп ішінде қиналып, жап-жасыл болып, өзімен-өзі саяқ жүрді. Оны жақсы түсінген, қайғы мен қуанышта қасында болған жалғыз ғана жан бар еді. Ол күл түстес кәдімгі ақымақ есек болатын...

Күндердің күнінде сол ақымақ есек бір патшаның қызы құзар шыңның басындағы айдаһардың қолына түскенін, кімде-кім сол сұлуды құтқарса, арудың жары сол болатынын естіп қалды. Патшаның шексіз байлығы мен бұрымдының көз тартар ажары есекті де қатты-ақ елітті. Бірақ бойжеткенді құтқару қолынан келе қалса да, мәңгілік қосағы бола қою тым қиын екені біз ақымақ десек те есектің басына келді. Сонымен, ол көп ойланып жатпай-ақ өзіне қимаған асылды Шрекке сыйламақ болып, жалғыз

аяқ жолдың шаңын бұрқыратып досына қарай шаба жөнелді...

Қазір қоғам Шрек күлсе, жалаңаш отырғанына қарамай қарқылдап тұрып күледі, алда-жалда ашулана қалса, кез келген тесікке кіріп кетуге арланбас көңілмен құты қашып қалтырай жөнеледі. Шрек қалаған күні – той, қабағын шытқан күні елдің бәрінің жүрісі – мысық аяң. Ол жүз отыз басты айдаһарға күн сайын жергілікті ұлттың бір өкілін апарып беретін болып, айдаһар құрбандығына не істесе де өзі білетін болып екіжақты келісім-

шартқа отырған. «Олар өлсе сұраусыз, күл қылса да, күң етсе де бәрібір. Бұдан әрі-беріден сон патша ағзамның елі саяси астар іздеп сандалмасын», – деді Шрек. Сонымен, оған күйеу қызды құтқарып, тым-тым алыстағы қайын-жұртына қонаққа келіп жатқалы талай жылдар өтті. Үйіме қайтайын немесе ата-енемнен ұят-ау сәл аяғымды тарта жүрейін дейтін Шөкең жоқ. Алшаң-алшаң басады, күндіз демей, түн демей ойына келгенін қылады.

Бұл өңірде Шрек тек есекке ғана қарыздар, есекке ғана ықыласты. Есек айтқан тілек пен арыздың аяғына жетпей қалғаны жоқ. Мәселен, ол: «Гүлмайсаны таптадың!» – деп жылқы мені теуіп жіберді. Бұған не дейсіз?» – дейді. Шрек жылқыларды шырылдатып жүріп, жал-құйрығы төгілген ең таңдаулы сәйгүліктерді ұстап алады да айдың-күннің аманында ішек-қарнын жарқыратып тұрып, сойғызып тастайды.

Тағы бірде: «Туған інім жұмыссыз жүргелі талай болды», – дейді оған күл түстес есек. «Есекжан, осындай ұсақ-түйек үшін мені мазаламай-ақ қалаған орнына өзің отырғызсаңшы», – дейді жасыл денесіне арасанның кара батпағын жағып ерігіп отырған Шрек. «Күр жүргенше деп, білім саласын басқартып қойдым. Ол жерде басқаратын да не қалды дейсіз?» – деп есек келіп тұрады. Болмаса «Жиенім оқуды бітіріп еді», – дейді кәдімгі есек. Шректің «Туу, сен де...» дегенінше болмай, «Не айтпағыңызды түсіндім. Өзім-ақ қатырам», – дейді де есек тепендеп ұзай береді. «Үкімет басшысы еттім, кім отырмаған жер», – деп есек көп ұзамай қайтып келе жатады.

Шрек патшаға күйеу бала болғалы бері есек Шрекке неше мәрте кіргенін ешкім білмейді. Санап жүргендердің өзі жаңылып қалды немесе бостан босқа атылып кетті. Өйткені кейінгі

қасы, «Күйеу балаға жиі кіргенім қалай болады өзі?» деп есек ойламады. «Қойсаңшы енді» деп Шрек айтпады. «Ойыңа келгеннің бәрін істе, бірақ билікке араласпа» деп Шректің жары да, қайын атасы да тіл қатпады.

Қазір Шректің төрт дүниесі түгел. Қайран қазақтар баяғыда барып-қайтқан жерін әспеттегісі келсе: «Құстың сүтінен басқаның бәрі бар екен», — деп қоюшы еді ғой. Еш жерде кездесе қоймайтын сол құс сүтінің өзі Шәкенде тұр-түрімен тұр. Ол қазір аптасына бір рет осындай сүтпен шайынып тұруды әдетке айналдырған. Қысқасы, Шректе, менмін деген ерлерден алған үлкен базарлар, ойын-сауық орындары, әсем ғимараттар, патшаның қызынан да әдемі арулар, түрлі басшылық қызметтегі есектер дейсіз бе, бәрі бар. Ең қызығы, кәдімгі күлге аунап жататын, сыыр мен жылқыдан қалған шөпті талғажу ететін, ауыл-үйдің арасында оны мұны шаруа атқарып, арқасының жауыры кетпей, көшедегі кез келген тентек баланың тақымында жүрген дәл осы есектер қазіргі күні жалына қол апарпайтын болған. Қалаған жерінен тістейді, қаламаса басыңнан төмен қарай шаптыра салады. Сені бұл маннан көргеніне жыны ұстап қалса жынысына қарап жатпастан артыла кетеді. Кімнен, неден қорқады? Қос құлағына тізілтіп бес жүзге тарта сырға таққан, ми қонбаған қазандай басына алыстан алдырған қымбат бөрік қондырған, тұяғына алтын жалатқан, есек біткеннің төресі — күл түстес сұр есек Шрек мырзаны үкі таққан құйрығымен желпіп отырғанда олар кімнен ықсын.

бізде басшылықта отырған есектер жетеді», — деп қояды ол. «О, тоба! Орын таусылуға айналды ма?» — дейді Шрек жеті қат көкке шығып кеткен қиялын қайта алдырарын, болмаса, тиіспей еркіне қоя берерін білмей. «Бұл елдегі барлық тиісті орындарға ең сенімді деген есектеріміз бәрін отырғызып болдым», — дейді өзіне-өзінің көңілі тоқ есек шыртып түкіріп қойып. «Сонда бос орын жоқ па?» — дейді әлі де бұл іске онша көп араласқысы келмей отырған Шрек марғау ғана қимылдап. «Патша ағзамның орнынан басқа жердің бәрі біздікі», — дейді есек тағы да тәтті жымып. «Оны әзірше қоя тұр. Уақыты келгенде өзім айтам», — дейді Шрек дәл осы тұста ұзай жайылып кеткен қиялдарын амалсыз жинап алып. «Е, оны өзім де білем ғой. Дегенмен оны жылы орнынан қозғамасак та болады», — дейді есек ештеңеге аландамастан. «Е, неге?» — дейді Шрек үлкен таңданыспен. «Өйткені ол маған ұнайды. Оның үстіне, ол да дәл өзіміздей күл түстес», — дейді есек.

ЕСЕП!

Біздің елде жыл сайын облыс, аудан әкімдері халық алдында есеп береді. Оған бәріміз үйренгенбіз. Әлеуметтік желілер сәнге айналғалы бері қалың қауым да есеп беретінді шығарды.

Бұрын-соңды кофе ішіп көрмеген біреу арғы аталарынан бір артығын көрсетейін деді ме: «Кофе ішіп отырмын», — деп жарты әлемге жар салды.

Өмір бойы аспанда қалықтап жүрген тағы бір қарындас: «Мен

жер басып тұрмын», — деп, суретін жариялады.

Тұла бойы түгел демократияланып кеткен тағы бір дос: «Мен әжетханада отырмын», — деді күшеніп.

Меніңше, бәрі дұрыс сияқты. Кімнің қайда, не істеп жүргенін сұрамай-ақ біліп отырғанға не жетсін?! Осындай ойымызды айтқызбай білген тағы біреу: «Бір жасымнан екі жасым дейін киіп, кейін ініме берген қайыс бәтеңкемді көргілеріңіз келсе, «Ақита» деген сайтқа кіріңіздер», — деді ентігіп. Ентіккенін танауы делдіп, әлеуметтік желіден қазір шығып кетейін деп тұрған суретінен байқадық.

Жаны нәзік тағы бір қыз: «Құрбыларым жылап отырғанымызды түсіріп алыпты. Даусымды тыңдағыларыңыз келсе, «Маquita» деген сайтта», 0150 деді.

Мұны оқыған Байжұма қарап отыра ма? Үйінен ақтарып жүріп, қырық жылғы шұлығын тауып алды. Бүктеуге келмей, қатып қалған шұлық кез келген жерге сүйей салсаң, пышақ сияқты қадалып тұра береді екен. Құшырлана иіскеп, біраз толқып тұрды да, суретке түсіріп: «Тоғызыншы сыныптан он бірінші сыныпқа дейін тастамай киген шұлығым» деп жазды. Әлі де бірдеңе жетіспейтін сияқты. Ақылды емес пе, көп ойланбай: «Смайлик басуды ұмытпаңыздар», — деп қосып қойды.

Миымызды ашытып, уақыт жұмсап, түрлі басылымды, ақын-жазушылардың шығармаларын оқығанша, «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиетін» осы өз қотырымыз қызық!..

**БЛОГЕРЛЕР
БАСЫНЫП БАРАДЫ**

Кешегінің би-болыстары жандарына шешен, ақын, батыр ертетін болса, бүгінгінің әкімқаралары қастарына блогер деген жандайшаптарды алып жүретін болған және соларын мақтаныш тұтады. Бұл блогер деген «батырлар» ештеңеден тайынбайды. Айта-рын айтып, жамандағанын жамандап, көрге тығатынын көрге тығып, өрге сүйрейтінін өрге сүйреп, қоғамдық ортада алабұжақ атмосфера қалыптастырады. Сондықтан ба, атағын шығарғысы келіп жүргендер жандарына бір-бір блогер ұстайтын заманға кез болып отырмыз.



Жуырда Шымкент қаласының мен деген азулы блогері қорқытып, үркітіп дөңгіп қалған болуы керек, бір мектептің басшысының қыр соңына құрық алып түседі. Қазақ «кезіккенмен емес, садағын кезегеннен қорық» деп бекер айтпайды. Өлгі «әйгілі» блогер мектептің бірқатар кемшілігін тапса керек. Енді балалар жүрген жерде оны-мұны олқылықтар кездесіп қалуы заңды ғой. Өлгі әйгілісімақ солардың барлығын жіпке тізіп, онысын телефонына жазып директордың алдына көлденең тастамай ма?

Екеуара әңгіме былай өрбиді.

- Кімсіз?
- Күл егермін.
- Күлді екпейді. Бәлкім гүл егер боларсыз.
- Мен гүл сияқты нәзіктікті ұнатпайтын адаммын. Маған күл керек, күл! Жүрген жерімді өртеп, күлін шығарамын.
- Ойбай-ау! Бұл бүлдіршіндер отауы ғой. Ақыры күлге құмар екенсіз, дүниенің барлық бұрышында бүлік болып жатыр емес пе? Солардың біріне барып, бүліншілік басқыншылығыңызды жүргізе бермейсіз бе? Бізде неңіз бар?

— Сіздерде «жеміміз» бар.

— Қандай жемді айтып отырсыз?

— Көңілім лай. Мәселе былай. Біз сіздің мектебіңізден мынадай-мынадай кемшілік таптық. Бұл дегеніңіз үлкен қылмыс. Осы қылмысыңызды жабу үшін алақаныма 1 миллион 200 мың теңге санап сала салыңыз. «Бие көрдім жоқ, түйе көрдім жоқ». Өгіз де өлмейді, арба да сынбайды.

- Япырай! Мұндай қаржыны қайдан табамын?
- Мұғалімдерден теңге жинайсыз ба әлде туыстарыңызды қинайсыз ба, білмеймін. Жерден қазасыз ба, көрден қазасыз ба, табуыңыз керек. Мына жексұрын деректі жабуыңыз керек.
- Таппасам ше?
- Онда айдай әлемге әшкеремін. Кемшіліктеріңізді одан әрі қазбалап, жария етемін, олқылықтарыңызды дария етемін.
- Сонда сіз кімсіз өзі?
- Айттым ғой, күл егермін.
- Ә-ә, түсіндім. Блогер екенсіз ғой. Ағатай! Бірер күнге мұрша беріңіз. Айтқан теңгеңізді табамын.
- Міне, жөн! Істі осы жерден жабамын.

Екеуі шартпа-шұрт қол алысты. Блогер қуанып үйіне кетті. Директор суалып финполға кетті.

Уәделі кезде сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл департаментінің қызметкерлері жетіп келді. Блогердің көзі алақандай болды. Дірілдегені соншалық бұтына жіберіп қойған балақандай болды. Бірақ финпол қызметкерлері қарап тұрады ма, қолын қайырып үлгерді. Бір миллион екі жүз мың теңге блогердің алақанында кетті. Тенгені қылмыстың айғағы етті.

Жә, соңғы үкімді сот айтар. Біздікі сақтандыру ғана. Шымкентте блогер дегеніңіз тонның битіндей өріп жүр. Қайсысының қолы таза, қайсысының қолы былғаныш екенін айырып болмайды. Бірақ арасында жеті жыл түрмеде отырып, аяқ астынан блогер болып шыға келген атактысы да бар деседі.


Әкімқаралар осындайларды жанына ерткен соң, әрине, олар білгендерін жасайды да. Тегі, көп асқанға бір тосқан керек-ақ сияқты...

Сабырбек ОЛЖАБАЙ

ЕСКЕРУСІЗ

БЕРЕДІ

Күндердің бір күнінде Шрек пен есек тағы жолықты. Бұл өзі алдын ала жоспарланған кездесу ме, жоқ әлде, күтпеген жерден ұйымдастырылған басқосу ма, ол енді біз сияқты қарапайым жұрт үшін аса маңызды емес қой. Бірақ осы отырыста есек сөзге көп араласпай, өзін-өзі тежеп ұстағысы келсе де еркінен тыс миығына күлкі үйіріліп, жүзінен нұры төгіліп, тым жайнап отырды. Бұған дейінгі кездесулерде дауысын бәсеңдеті сөйлейтінін, айтылуға тиіс сөздерінің басым бөлігі өтініштен тұратынын, есіктен кіргеннен еңсесі еңкіш тартып шыға келетінін дәл бүгін ұмытқандай... «Бауырларың қалай?» — дейді оған Шрек. «Бәрі жақсы, Шәке», — деп мұрттынан күледі есек. «Таусылуға айналды-ау деймін. Кейінгі кезде көп келе бермейтін болдың ғой», — дейді Шрек. «Бауыр таусылушы ма еді? Орын таусылып барады. Көлденең көз өтпесін деп айтайын. Қазір



ДОДА

26 СӘУІР 2025 | СЕНБІ

Ел құрамасын дзюдодан алда Азия чемпионаты күтіп тұр. Аталмыш жарысқа әлемдік жұлдыздар мен Олимпиада жүлдегерлері қатысатыны анық. Былтырғы жылды еске алсақ, құрамамыз сәтсіз өнер көрсеткен еді. Биыл соның есесін қайтару керек. Ал Қазақстан құрамасының атынан кімдер бақ сынайды? Ұлттық құраманың қазіргі дайындығы қалай өтіп жатыр? Осы сияқты сұрақтардың жауабын талдап көрейік.



НАҚТЫ БОЛЖАУ ҚИЫН

Дзюдодан 2025 жылғы Азия чемпионаты 25-27 сәуір аралығында Тайландтың Бангкок қаласында өтеді деп жоспарланған. Құрлықтық додада 30 мемлекеттен 295 спортшы жүлде үшін күресетін болады. Ұлттық құрама Тайланд астанасына негізгі көшбасшыларсыз аттанды. Алдағы Азия чемпионатында Елдос Сметов, Әбиба Әбужақынова, Камила Берлікаш, Абылайхан Жұбаназар, Жанарыс Рахметқали, Мағжан Шамшадин және Ғұсман Қырғызбаев татамиге шықпайды. Бапкерлер штабы бұл жолы жас спортшыларға және жұлдызы әлі жанбаған дзюдошыларға өздерін көрсетуге мүмкіндік беріп отыр.

Сондықтан медальға болжам жасау қиын. Тек ұлттық құраманың негізгі тобынан Бангкокта өнер көрсететін кейбір дзюдошылар ғана жүлдеге үміткер саналады. Олар: Ерасыл Қажыбаев, Ғалия Тынбаева, Әсмигүл Қуюлова, Назгүл Маратова, Бақыт Құсқабаева және Шерзод Давлатов.

«Нақты болжам айту қиын. Себебі дзюдо – бұл тек физикалық дайындықты ғана емес, сонымен қатар мықты психологиялық тұрақтылықты, тактикалық сауаттылықты талап ететін өте күрделі спорт түрі. Мұнда кімнің жеңетіні тек бір ғана сәттік шешімге немесе кішігірім қателікке байланысты өзгеруі мүмкін. Сондықтан нақты нәтиже жайлы айту ерте.

Дегенмен спортшыларымызға деген сеніміміз жоғары. Команда барын салып дайындалып жатыр. Жоспарымыз бойынша, Азия чемпионатында кем дегенде бір алтын медаль жеңіп аламыз деген үміт бар. Сонымен қатар жүлделі орындардан да көрінеді деп сенемін», – деп атап өтті құрама жаттықтырушы-кеңесшісі Роберт Мшвидобадзе.

ТАТАМИ ТӨРІНДЕГІ ТАРТТЫС: ҮМІТ пен СЕНІМ

2025 жылдың бастапқы бөлігін ескерсек, ұлттық құраманың нәтижелері көңіл қоншытпайды. Қазақстандық балуандар Баку (Әзербайжан) және Ташкентте (Өзбекстан) өткен Grand Slam турниріне, сондай-ақ Аустрияда өткен Гран-приге қатысқан болатын.

Оандастарымыз бұл турнирлерде айтарлықтай жетістікке жете алмады. Бакуде Ерасыл Қажыбаев (100 келіден жоғары) үшінші орын алып, жалғыз медальды ұлттық құрама қоржынына салды. Ташкенттегі «Үлкен дулыға» турнирінде Абылайхан Жұбаназар (81 келіден жоғары) қола медаль жеңіп алды. Дей тұрғанмен, барлығы нашар деп айтуға келмес. Себебі Аустриядағы Гран-при кезеңінде Әбиба Әбужақынова көзге түскен еді. Ол 48 келіге дейін салмақта алтын жүлдегер атанған болатын.

Алда өтетін Азия чемпионатына Қазақстан сапынан 17 балуан тізімге тіркелген. Олардың ішінде ерлерден Нұраділ Әлжан (60 келі), Шерзод Давлатов (60 келі), Ержан Еренқайыпов (66 келі), Есет Қуанов (73 келі), Мәди Амангелді (81 келі), Азат Күмісбай (81 келі), Ермахан Ануарбеков (90 келі), Максим Мейіран (90 келі), Ерасыл Қажыбаев (+100 келі) өнер көрсетсе, әйелдердің тізімінде Ғалия Тынбаева (48 келі), Диана Буркеева (48 келі), Толғанай Әбеуова (52 келі), Бақыт Құсқабаева (57 келі), Әсмигүл Қуюлова (63 келі), Кристина Сотникова (70 келі), Назгүл Маратова (+78 келі), Акерке Рамазанова (+78 келі) бар. Қосалқы құрамда Талғат Орынбасар (-60 келі), Ердәулет Бозша (66 келі), Бақытжан Әбдурахманов (73 келі), Марат Байқамұртовтың (100 келі) есімдері тіркелген.

ҒҰСМАН ОРАЛДЫ

Сондай-ақ Роберт Мшвидобадзе Олимпиада ойындарынан кейін командада өзгерістердің болғанын атап өтті.



құштарлық сақталады деп ойламап едім. Бірақ ол жеңіске жету үшін бар жігерін салуға дайын екенін дәлелдеп жүр», – жаттықтырушы-кеңесшісі.

АЗУЛЫ ҚАРСЫЛАСТАР

Қазақстан құрамасының басты қарсыластары жайлы айтсақ. Негізінен, Тайландта өтетін Азия чемпионатында жастарға жол берілмек. Бірқатар команда жарыс тізіміне жас спортшыларды қосқан. Алайда бұл қатарға Жапония және Оңтүстік Корея мемлекеттерін қоса алмаймыз.

Жапония құрамасынан Юэхи Ойно 81 келіге дейінгі салмақта басты фавориттердің бірі саналады. Сондай-ақ 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде Юта Накамура үздік екенін дәлелдеуге

тырысады. Ал оған басты қарсылас ретінде Ерасыл Қажыбаев күреседі.

Оңтүстік Корея құрамасының сапында бірнеше Олимпиада жүлдегері бар. Атап айтқанда, Ли Ен Хван 2024 жылғы Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, Ким Мин Чон 2024 жылғы Олимпиаданың 100 келіден жоғары салмақтағы күміс жүлдегері. Бұл жағдайды ескерсек, аталмыш салмақтағы бақталас қызыққа толы болғалы тұр. Сондай-ақ 2024 жылғы Олимпиаданың қола жүлдегері тәжікстандық Темур Рахимовта 100 келіден жоғары салмақ дәрежесінде үздік екенін дәлелдемек. Оған қоса, Жапония спортшысы Комэи Кавабата 90 келіге дейінгі салмақта медаль үшін бақ сынайды.

Қорытындылай келе, Бангкокте өтетін құрлықтық чемпионат дзюдо жанкүйерлері үшін қызықты өтпек. Әрине, медальға қол жеткізу оңай болмасын анық. Дегенмен Қазақстан құрамасынан жүлде мен әсерлі белдесулерді күтуге болады. Себебі балуандар тек медаль ғана емес, рейтингтегі ұпай үшін күреседі.

Әсет ҚАЛИ



AMANAT
MEDIA GROUP

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛТЫНСАЙҒЫЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4585
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеп көшесі 30,
тел: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,